

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Ақпараттық-анықтамалық материалдар

ҚР Үкіметінің Аппараты

2025 жылғы шілде

Мазмұны

I. Макроэкономика және қаржылық орнықтылық	4
II. Өнеркәсіп.....	5
III. Агроөнеркәсіптік кешен.....	8
IV. Су ресурстары.....	13
V. Энергетика және ТКШ	16
VI. Көлік және логистика	18
VII. Кәсіпкерлікті дамыту және инвестиция	21
VIII. Отандық тауар өндірушілерді қолдау	34
IX. Цифрландыру, инновация және байланыс	36
X. Туризм.....	37
XI. Геология	39
XII. Өңірлерді дамыту.....	41
XIII. Білім, ғылым.....	43
XIV. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау	48
XVI. Спорт	56
XVII. Мәдениет, креативті индустрияны дамыту, жастар саясаты	56
XVIII. Құқықтық тәртіп және қауіпсіздік	58

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларына сәйкес Үкіметтің басымдықтары бұған дейін сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ету, азаматтардың әл-ауқатын арттыру болған және солай болып қала береді.

Үкімет өңдеу өнеркәсібі мен **агроөнеркәсіптік** кешенді, отандық тауар өндірушілерді **қолдауға**, **транзиттік-көліктік** әлеуетті және **энергетикалық** инфрақұрылымды одан әрі дамытуға баса назар аударады.

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні кең ауқымда ендіру, білім беру сапасын және медициналық көрсетілетін қызметтермен қамтуды арттыру да аса маңызды бағыт болып табылады.

Нақты секторда **жаңа өндірістік қуаттарды белсенді іске қосу**, оның ішінде инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен іске қосу жалғасуда.

Құрылыс секторы жол инфрақұрылымын, коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымды **салу мен жаңғырту** жөніндегі жобаларды іске асырудың арқасында жоғары серпінді сақтап отыр.

Нақты сектордағы өсім көрсетілетін қызметтер саласының өсуімен қатар жүруде.

Бұдан әрі 2025 жылғы маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері берілген.

I. Макроэкономика және қаржылық орнықтылық

ЖІӨ өсуін жеделдету және оның драйверлері

Биылғы қаңтар-маусым айларындағы қорытынды бойынша **экономиканың өсуі** қаңтар-мамырмен салыстырғанда **6,2 %-ды** құрады және 0,2 пайыздық тармаққа жеделдеді (қаңтарда 3,8 %, қаңтар-ақпанда 5,4 %, қаңтар-наурызда 5,6 %, қаңтарда-сәуірде 6 %, қаңтар-мамырда 6 %). Бұл 2011 жылдан бергі ең жоғары өсім.

Мұндай қарқын экономиканың **әртараптандырылуымен**, сондай-ақ салалардың **теңгерімді** дамуымен қамтамасыз етілген.

Көлік және қоймаға жинау бойынша көрсетілетін қызметтер (өсім 22,7 %-ға), құрылыс (18,4 %-ға), тау-кен өнеркәсібі және сауда (8,4 %-дан), өңдеу өнеркәсібі (5,5 %-ға) өсудің **негізгі драйверлері** болды.

Индустрияландыру саясатының іске асырылуы тау-кен өндіру секторына (1,7 %) қарағанда **өңдеуші сектордың озыңқы өсу қарқынын** (2010 – 2024 жылдары орта есеппен 4,6 %-ға өсу) қамтамасыз етті.

Нәтижесінде экономика құрылымындағы **өңдеу өнеркәсібінің үлесі** 2024 жылы **12,2 %-ға** дейін ұлғайып, **тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлесі 12,0 %-ды** құрады.

Былтыр экономиканың өсуі (4,8 %-ға өсу) негізінен мұнайдан басқа сектор есебінен қамтамасыз етілді.

2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы шоғырландырылған бюджеттегі мұнайға қатысы жоқ кірістің **үлесі 2,5 пайыздық тармаққа өсті** (69,3 %-дан 71,8 %-ға дейін).

ЖІӨ өсу серпінінің жеделдеуі – 2024 жылғы 2-ші жартыжылдықтан бастап

2024 жылдың 1-ші жартыжылдығында ЖІӨ өсімі **3,2 %-ды** құрады, 9 айдың қорытындысы бойынша ол **4,1 %-ға** дейін жеделдеді, ал жыл соңына қарай **4,8 %-ға** жетті.

2025 жылы инвестициялық ынталандырудың белсенді өсуі, кредит беру ауқымының кеңеюі және тұтынушылық белсенділіктің жоғарылауы есебінен ЖІӨ өсімі қаңтар-маусымда **6,2 %-ға** дейін күшейе түсті.

Негізгі капиталға инвестицияның өсуі – экономиканың ортамерзімді және ұзақмерзімді орнықты дамуының берік негізі.

Биылғы қаңтар-маусымда **негізгі капиталға салынған инвестиция** жылдық мәнде **19,3 %-ға**, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестиция **48,9 %-ға** өсті.

Инвестиция құю жандануы іскерлік белсенділіктің өсуімен, екінші деңгейдегі банктердің бизнеске кредит беруді ұлғайтуымен, инфрақұрылымдық және инвестициялық ірі жобалардың, «Инвестицияларға айырбасталатын тариф» және «Жайлы мектеп» («Келешек мектептері») бағдарламаларының іске асырылуымен, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына салымдардың өсуімен қатар жүреді.

Негізгі капиталға салынатын инвестиция құрылымында жалпы шығын көлемінің **67,4 %-ы** ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге, **27,8 %-ы** жабдықтар мен көлік құралдарын сатып алуға бағытталған (*қаңтар-мамыр*).

Тұрғын үй құрылысына инвестиция **12,3 %-ға** ұлғайып, **1 176,1 млрд теңгені** құрады, бұл негізгі капиталға салынған барлық инвестицияның **19,8 %-ы** (*қаңтар-мамыр*).

Халықаралық резервтер тарихи максимумнан асып түсті

2025 жылғы 1 шілдеде **халықаралық резервтер 112,4 млрд АҚШ долларына** жетті. Бұл сыртқы күйзелістерді тегістеу үшін зор қаржылық буфер бола алады.

Резервтердің жеткілікті болуы теңге бағамын ұстап тұруға мүмкіндік береді және төлем балансының профицитін қамтамасыз етеді. Ұлттық валютаны қорғаудың жоғары деңгейі рейтингтік агенттіктер мен инвесторлардың сенімін нығайтады.

II. Өнеркәсіп

Өңдеу өнеркәсібіне инвестицияның өсуі

2025 жылдың басынан бері өңдеу секторының негізгі капиталына салынған салым **45,7 %-ға** өсті, бұл – соңғы жылдардағы үздік нәтижелердің бірі.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерді **жаңғырту** және **жаңа өндірістер құру**, өнеркәсіптік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету басты назарда,

мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға және қазақстандық өнімнің экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтуге тікелей әсерін тигізеді.

Инвестиция тарту үшін арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар белсенді түрде дамытылуда, бұл өнеркәсіптік жобаларды іске асыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

2025 жылы Ақтөбе және Қызылорда облыстарында жаңа АЭА іске қосылды (*барлығы 16 АЭА, 55 индустриялық аймақ, 34 шағын өнеркәсіптік аймақ*).

Бүгінде АЭА аумағында 423 жоба, оның ішінде 85-і шетелдіктердің қатысумен іске асырылды, тағы 449 жоба, оның ішінде 42-сі шетелдіктердің қатысуымен іске асырылу сатысында. АЭА-ға тікелей шетелдік инвестиция көлемі шамамен 800 млрд теңгені (*2 млрд АҚШ доллар*) құрады.

Сонымен қатар 2025 жылы өңдеу секторындағы инвестициялар туралы 5 келісім жасалды, олардың жалпы сомасы 3,1 трлн теңгеден асады (*6,2 млрд АҚШ долларына жуық*). Әскери техника, ферроқорытпа өндірісі, жолаушылар вагондары мен цемент сияқты бағыттарды қамтитын тағы 4 келісім қарастырылу сатысында.

Жұмыс істеп тұрған өндірістердің жүктелуін қамтамасыз ету және бұрын Қазақстанда өндірілмеген өнім шығаруды ынталандыру мақсатында ұзақмерзімді жеткізу шарттары қарқынды енгізілуде. Мұндай оффтейк-келісімшарттар инвесторлардың тәуекелін айтарлықтай төмендетеді және өнімнің өткізілуіне кепілдік береді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша сомасы 1 трлн теңгеден асатын ұзақмерзімді 898 шарт пен оффтейк-келісімшарттар жасалды.

Басым салаларда 190 жобаны іске қосу

2025 жылы **1,5 трлн теңгеге 190 жобаны** іске қосу және металлургияда, машина жасауда, мұнай-газ химиясы мен тамақ өнеркәсібінде **жаңа 22,8 мың** жұмыс орнын құру жоспарланған.

Биылғы 6 айда **196,3 млрд** теңгеге **47** жобалар іске қосылып, **2,9 мың** жұмыс орны құрылды.

2024 жылғы 6 сәуірде өңдеу өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз етудің **жаңа тетігі енгізілді**, онда ішкі нарыққа басымдық беру және бағаның қайта өңдеушілер үшін қолжетімді болуы көзделеді.

Бұл айтарлықтай **әсер** берді: мысты қайта өңдеу **16,5 %-ға**, алюминийді – **9,6 %-ға**, мырышты – **33 %-ға**, қорғасынды – **4,6 %-ға** өсті, мұның өзі кәбілдік-өткізгіш өнімдер, терезе, есік, аккумулятор мен

қосылған құны жоғары басқа да өнімдер **өндірісін ұлғайтуға** мүмкіндік берді.

Аталған жобалар **жоғары технологиялы өндірістер** құруға, шикізатты қайта өңдеу **тереңдігін ұлғайтуға**, жаңа жұмыс орындарын құруға және шикізатқа қатысы жоқ салалардың **экспорттық әлеуетін нығайтуға** бағытталған.

Экономиканың шикізатқа бағытталуынан мұнайды терең өңдеуге көшу мақсатында 2025 жылғы 1 шілдеде Үкімет Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу саласын дамытудың 2025 – 2040 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдады.

Басым салалардағы серпінді 17 ірі жоба

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша серпінді **17** жобаның тізбесі жасалды, онда қайта өңдеу деңгейі жоғары өндірістерді игеруге баса назар аударылған: отандық шикізат пен құрамдас бөліктерді барынша көп пайдалану, сондай-ақ ірі кәсіпорындардың айналасынан аралас өндірістерді дамыту.

Бұл бастамалар **экономиканы әртараптандыру** және өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру бағдарламасы шеңберінде іріктеп алынды.

Жобалар **басты секторларды** қамтиды – металлургия, химия, мұнай химиясы, автомобиль жасау, туризм, ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі:

1. «Mineral Product International» ЖШС металлургиялық кластері (Павлодар облысы).
2. «ССГПО» АҚ ыстық брикеттелген темір өндіру зауыты (Қостанай облысы).
3. Qarmet комбинатын жаңғырту (Қарағанды облысы).
4. «KAZ Minerals Smelting» ЖШС/NFC мыс балқыту зауыты (Абай облысы).
5. «Ертіс» гидрметаллургиялық комбинаты (Павлодар облысы).
6. «Бутадиен» ЖШС бутадиен және оның туындыларын өндіру зауыты (Атырау облысы).
7. «KMG PetroChem» ЖШС полиэтилентерефталат (ПЭТФ) өндіру зауыты (Атырау облысы).
8. «Силлено» ЖШС/ «KMG PetroChem» ЖШС интеграцияланған газ-химия кешені (Атырау облысы).
9. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Шымкент МӨЗ екінші кезегі (Шымкент қ.).

10. «ҚазАзот Prime» ЖШС аммиак және карбамид өндіру зауыты (Маңғыстау облысы).
11. «Qazaq Kalium Ltd» ЖК калий тұзын өндіретін байыту-өндірістік кешені (Батыс Қазақстан облысы).
12. KIA автомобильдерін шығаратын зауыт (Қостанай облысы).
13. «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» ЖШС мультибрендті автозауыты (Алматы қ.).
14. «Астана Туризм» ЖШС көп функциялы туристік ауданы (Астана қаласы).
15. «Жылы жағажайды» кешенді дамыту (Маңғыстау облысы).
16. Бидай мен бұршақты терең өңдеу бойынша интеграцияланған агроөнеркәсіптік кешен (Астана қаласы).
17. «Qostanai Grain Industry» ЖШС астық пен бидайды терең өңдеу зауыты (Қостанай облысы).

Мұнай-газ химиясы – индустриялық өсудің жаңа драйвері

2024 жылы мұнай-газ химиясы өнімдерінің өндірісі **540 мың** тоннаға жетті, бұл 2023 жылғы деңгейден **150,5 %-ға** жоғары. Полипропилен (301,7 мың тонна), параксилол (4 есе өсу) және жағармай материалдары (53,7 мың тонна) бойынша көрсеткіштер айрықша көрнекі.

Метанол зауытын салу жөніндегі **алғашқы инвестициялық келісімге** қол қою **саладағы** аса маңызды оқиға болды. «Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі туралы» **жаңа Заң белсенді ілгерілетілуде** және 2024 – 2030 жылдарға арналған мұнай-газ химиясын дамытудың **жол картасы** бекітілді.

2025 жылы **449 мың** тонна полипропиленді қоса алғанда, **550 мың** тонна мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру және полиэтилен өндіретін елдегі ірі зауыттың құрылыс кезеңін аяқтау жоспарланған. Мотор майларын міндетті таңбалау басталды, бұл ашықтық пен ішкі нарықтың қорғалуын арттырады.

III. Агроөнеркәсіптік кешен

АӨК-тің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері

2025 жылғы қаңтар-маусым айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 3,7 %-ға ұлғайып, 1,8 трлн теңгені құрады.

Аталған өсім мал шаруашылығы өнімінің 3,2 %-ға (1 659,8 млрд теңге), өсімдік шаруашылығы өнімінің 14,5 %-ға (105,1 млрд теңге) артуы есебінен қамтамасыз етілді.

Азық-түлік өнімдерінің өндірісі 10 %-ға өсіп, 1 808,1 млрд теңгені құрады, ал сусындар өндірісі 5 %-ға артып, 566,7 млрд теңге болды.

Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 27 %-ға артып, 442,6 млрд теңгені, ал азық-түлік өнімдері өндірісіне инвестиция 48 %-ға ұлғайып, 104,2 млрд теңгені құрады.

Өсімдік шаруашылығы

Егіс алқаптарының құрылымы

Облыс әкімдіктерінің жедел деректері бойынша 2025 жылы бидай егетін алқап 12,8 млн га құрады (2024 жылы 13,2 млн га).

Майлы дақылдар алқаптары 495,3 мың га-ға ұлғайып, 3,4 млн га-ға жетті.

Жем-шөп дақылдарының алқабын 127,9 мың га-ға ұлғайтып, 3,3 млн га-ға жеткізу жұмыстары жүргізілді.

Қант қызылшасының егіс алқабы 7,5 мың га-ға қысқарып, 17,7 мың га болды.

Мақта алқабы 141,7 мың га, күріш – 98,8 мың га болды.

Мал шаруашылығы

Мал басы мен құс саны

ІҚМ басы 23,4 %-ға (9,7 млн бас), қой мен ешкі саны 7,8 %-ға (26,3 млн бас), жылқы саны 112,0 %-ға (5,0 млн бас), түйе саны 8,5 %-ға (321,3 мың бас), құс саны 2,2 %-ға (47,7 млн бас) ұлғайды.

Мал шаруашылығы өнімінің өндірісі

Көрсетілген кезеңде сойылған салмағымен өлшегенде ет өндірісі 3,0 %-ға (409,1 мың тонна), сиыр сүтінің өндірісі 7,5 %-ға (1 347,9 мың тонна) артты.

Тұқымды түрлендіру

2025 жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша тұқымды түрлендіруге 595,8 мың бас аналық мал қатыстырылды немесе жалпы мал басына шаққанда 19,2 %-ды құрады.

АӨК-ке инвестиция тарту

Агроөнеркәсіптік кешенге инвестиция тарту мақсатында АӨК-тің инвестициялық жобаларын іске асыру жөніндегі 2025 – 2027 жылдарға арналған жол картасы әзірленді, оның аясында жалпы сомасы 3,4 трлн

теңге болатын 683 жобаны іске асыру көзделген. 2025 жылы – жалпы сомасы 614,3 млрд теңге болатын 285 жоба.

Биылғы 6 айдың қорытындысы бойынша аталған Жол картасының шеңберінде сомасы 58,9 млрд теңге болатын 45 жоба пайдалануға берілді.

Биыл инвестиция туралы 3 ірі келісімге қол қойылды: «Alsera KZ» ЖШС-мен құны 338 млрд теңге 500 га жылыжай кешені жобасы бойынша, «QazaqArab Sugar» ЖШС-мен құны 307 млрд теңге қант зауытын салу жобасы бойынша, «Shengtai Biotech Co., Ltd» ЖШС-мен құны 175 млрд теңге жүгеріні терең өңдеу зауытын салу жобасы бойынша.

Сонымен қатар «PepsiCO» (*тұздалған тіскебасар өндірісі – 190 млрд теңге*), «Carlsberg» (*алкогольсіз сусындар өндірісі – 52 млрд теңге*), «Mars» (*өнім бермейтін жануарларға арналған жем-шөп өндірісі – 156 млрд теңге*), «UBM Group» (*құрамажем зауыттары – 32,2 млрд теңге*), «Dalian Hesheng Holding Group» (*дәнді дақылдарды терең өңдеу зауыты – 329 млрд теңге*), «Tiryaki Holding» (*дәнді дақылдарды терең өңдеу зауыты – 160 млрд теңге*) сияқты трансұлттық ірі корпорациялармен инвестиция туралы келісімдерге қол қою жоспарлануда.

Биыл бірқатар ірі жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Түркістан облысында «КАЗКРАХМАЛ» ЖШС – қуаты жылына 150 000 тонна болатын жүгеріні терең өңдеу зауыты, жоба құны – 35 млрд теңге. Шығыс Қазақстан облысында «ALTAI MAI» ЖШС – қуаты жылына 169 000 тонна болатын өсімдік майын өндіретін зауыт, жоба құны – 26,4 млрд теңге. Жамбыл облысында «Алель Агро» АҚ қуаты жылына 25 000 тонна болатын құс фабрикасы іске қосылады, жоба құны – 13,8 млрд теңге. Атырау облысында – «ATYRAU CHICKEN» ЖШС қуаты жылына 5 000 тонна болатын бройлер құс фабрикасы, жоба құны – 9,9 млрд теңге. Ақтөбе облысында – «KazFeltес» ЖШС қуаты жылына 2 500 тонна болатын жүнді бастапқы өңдеу және тоқыма емес материалдар өндірісі зауыты, жоба құны – 5 млрд теңге.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағаны тұрақтандыру

2024 жылы тамақ өнімдерінің өндірісі 2,9 %-ға ұлғайып, 3,3 трлн теңгені құрады.

Жарма өндірісінің 1,7 есеге (*55,5 мың тоннадан 93,4 мың тоннаға дейін*), өсімдік майы – 12,1 %-ға (*671,7 мың тоннадан 753 мың тоннаға дейін*), ірімшік және сүзбе – 7,5%-ға (*44,9 мың тоннадан 48,3 мың тоннаға дейін*), шұжық

өнімдері – 5,2 %-ға (68,4 мың тоннадан 72 мың тоннаға дейін), сары май – 4,7 %-ға (31,1 мың тоннадан 32,6 мың тоннаға дейін) және ашыған сүт өнімдері – 3,9 %-ға (228,7 мың тоннадан 237,6 мың тоннаға дейін) өскенін атап өту керек.

Ішкі нарықтың негізгі 29 азық-түлік тауарының бәрі бойынша елімізде өндірілген азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етілуі **80-нен 100 %-ға дейін**.

Бағаға қатысты ахуалды тұрақтандыру, өнім құнының өсуіне жол бермеу және ішкі нарықта тапшылықты болғызбау мақсатында шаралар кешені іске асырылуда.

Картопты экспорттауға алты ай мерзімге **тыйым салынды**, бұл ішкі нарықты отандық өндіріс өнімдерімен қамтамасыз етуге және тапшылықты болғызбауға бағытталған.

Үнемі көшпелі тексерулер өткізіліп тұрады, олардың қорытындысы бойынша сауда заңнамасын бұзуға жол беретін субъектілерге қатысты әкімшілік іс жүргізу қозғалады.

Азық-түлік тауарларына баға белгілеу тізбегіндегі делдалдық схемаларды тергеп-тексеру бойынша өңірлік комиссиялар жұмыс істейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сауда үстемесін рұқсат етілген мөлшерден асырып жібергені үшін ескертуді әкімшілік айыппұлға ауыстыруды көздейтін түзетулер енгізілді.

Сауда заңнамасының нормаларын сақтау, бағаны алыпсатарлардың өсіруіне жол бермеу және баға белгілеудің ашықтығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ірі сауда ритейлі өкілдерімен үнемі жұмыс бабындағы кездесулер ұйымдастырылып тұрады.

Сонымен қатар өңірлерде үнемі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізіліп тұрады, олардың шеңберінде өнімдерді нарықтық бағадан 15-20 %-ға төмен бағамен өндірушілер тікелей сатады.

Көкөніс өнімдерінің ағымдағы қорларын жүйелі түрде бақылау жүзеге асырылады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және картоп нарығын тұрақтандыру жөніндегі шаралар шеңберінде 2025 жылы картоп егілетін алқап 16 мың гектарға ұлғайтылып, олардың жалпы көлемі 128 мың гектарға дейін жеткізілді. Осылайша, қосымша 250-300 мың тонна өнім алынады деп күтіледі.

Агротехниканы жаңғырту

Техниканы жаңарту деңгейі **5,5 %-ға** (22 мың бірлік) жетті, оның ішінде **10,5 мың бірлік** техника лизинг арқылы сатып алынды.

Жаңа комбайндар, тракторлар мен тұқым себу кешендері егін жинау **мерзімін** қысқартуға мүмкіндік береді және топырақты өңдеу сапасын жақсартады.

Техниканы жаңғырту **өндіріс тиімділігін арттырып**, фермерлердің **операциялық шығынын азайтады**.

Егіс науқанында **139 мың** трактор, **5,6 мыңға** жуық өнімділігі жоғары тұқым себу кешені, **71 мың** сепкіш, **141 мың** топырақ өңдеу құралы пайдаланылды.

Өнімділігі жоғары техника саласындағы әлемдік жетекші өндірушілер өз техникасын бұған дейін Қазақстан аумағына импорт түрінде жеткізіп тұрған болса, енді мемлекеттік қолдау шараларының арқасында олар соңғы алты жылда өндірістерін еліміздің аумағына локализациялады.

Бүгінгі таңда қуаты әртүрлі (12 а/к және 612 а/к дейін) трактор шығаратын **12 бренд** пен **162** модификация (*Кировец, РСМ, Беларусь, Class Xerion, Lovol, Deutz Fahr, YTO, Dong Feng, Jinma, Wuzheng, Zoomlion, John Deere*), сондай-ақ астық жинайтын (*Essil, Lovol, Class Trion, Deutz Fahr, РСМ, SAMPO, John Deere*), жем-шөп жинайтын (*КСК – 600, КБК – 800, John Deere*) және мақта жинайтын (*John Deere*) қуаты әртүрлі комбайндардың **7** бренді мен **51** модификациясын шығаратын **10 зауыт** жұмыс істейді.

Биылғы жылдың I тоқсанында «АгромашХолдинг КЗ» АҚ-ның локализациялау орталығының базасында **John Deere** компаниясының өндірісін локализациялау жобасы пайдалануға берілді, бұл компания жоғары технологиялы ауыл шаруашылығы техникасын шығаруда әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылады.

Жобаны іске асыру аясында өндірістік және сервистік секторларда білікті 350 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда. Инвестицияның жалпы көлемі шамамен 25 млрд теңгені құрайды.

1. «АгромашХолдинг КЗ» АҚ.
2. «Қостанай трактор зауыты» ЖШС.
3. «СТ Эсембли» ЖШС.
4. «Kazrost Engineering LTD.» ЖК.
5. «МТЗ-Қазақстан машина жасау зауыты» ЖШС.
6. «СемАз» ЖШС.
7. «Kaz Kioti» ЖШС.
8. «Қазақстан агро-инновациялық компаниясы» ЖШС.
9. «QazTehna» ЖШС.
10. «ҚАЗТЕХМАШ машина жасау зауыты» ЖШС.

IV. Су ресурстары

Су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту

Биылғы сәуір айында Су кодексі қабылданды. Онымен бірге су секторын дамыту басымдықтарын айқындайтын негізгі стратегиялық актілер: Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді, сондай-ақ 2026 жылға дейінгі су үнемдеу жөніндегі жол картасы бекітілді.

2024 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында нақты 160 іс-шара қамтылған және 42 жаңа су қоймасын (2,6 млрд текше) салу, 37 гидротехникалық құрылысты реконструкциялау, сондай-ақ шамамен 14 мың км ирригациялық арналарды салу мен реконструкциялау көзделеді, жалпы қаржыландыру көлемі 3,2 трлн теңге, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты 1,4 трлн теңге, жергілікті бюджет қаражаты 367,6 млрд теңге және халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты 1,4 трлн теңге болады.

2024 жылы сыйымдылығы 245 миллион текше метр болатын Ақтөбе су қоймасын, 120 мың гектар аумақты суаруды қамтамасыз ететін Қызылорда су торабын және Шымкент қаласындағы Тоған су қоймасын реконструкциялау жұмыстары аяқталды.

Бұдан басқа, былтыр еліміздің алты өңірінде, Ақмола, Алматы, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Ұлытау облыстарында, 200 мыңға жуық тұрғыны бар 49 елді мекен үшін сапалы ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз ететін 8 топтық су құбырының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

2025 жылға сомасы **220 млрд теңгеден асатын 146 жобаны** іске асыру жоспарланған.

Биыл еліміздің 10 облысында 2,6 мың км астам су құбыры желілерін салу және реконструкциялау жалғасуда, мұның өзі халық саны шамамен 1,3 млн адам болатын 468 елді мекенде сумен жабдықтауды жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл ретте 53 елді мекен орталықтан сумен жабдықтау жүйесіне қосылатын болады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Түркістан облысындағы «Қарақуыс» су қоймасының құрылысын (1,1 млн м³), Жетісу облысындағы Қызылағаш су қоймасын реконструкциялауды (42,6 млн м³), Солтүстік

Қазақстан облысында «Биопруд» жинақтағышының қоршау бөгетін (35 млн м³), Ақмола облысындағы Жабай өзенінде жинақтағыш (1,5 млн м³) салуды аяқтау жоспарлануда.

Бұдан басқа, биыл республикалық бюджет және халықаралық қаржы ұйымдарының (*Дүниежүзілік банк, Ислам банкі және Еуропалық банк*) қаражаты есебінен 6 мың км астам каналды (1 485 канал) реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. 2025 жылы шамамен 200 мың гектар суарылатын ауданды қамтитын 962 км жуық каналдарды пайдалануға беру жоспарлануда.

Тасыған суды жинақтау және вегетация

Биылғы су тасқыны кезеңінің нәтижесінде Қазақстанның су қоймаларына **16,9 млрд** текше метр су түсті. **15,7 млрд** текше метр еріген қар суын көл жүйелері мен көлтабандап суару жүйелеріне бөлу жұмыстары жүргізілді. Балқаш көліне Қапшағай су қоймасынан **3,8 млрд** текше метр су жіберілді. Бір жыл ішінде Балқаш деңгейі **12** см-ге көтерілді, су көлемі **2 млрд** текше метрге ұлғайды.

2023 жылдан бері Солтүстік Аралға шамамен **5 млрд** м³ су жіберілді. Су қоймасының көлемі **24,4 млрд км³ дейін** өсті.

2024 жылы «TASQYN» су тасқынын болжау және модельдеу жүйесі әзірленіп ендірілді, ол төтенше жағдайдың орын алу ықтималдығын модельдеуге және стратегиялық шешім қабылдау үшін тиісті болжам жасауға мүмкіндік береді. БҰҰДБ-ның Қазақстандағы өкілдігімен бірге судың су қоймаларына құйылуын болжауға және олардың жұмыс режимін модельдеуге арналған «TALSIM» гидрологиялық моделін бейімдеу мен ендіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

2025 жылдың вегетациялық кезеңінде **1,2 млн** гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын суару үшін **12 млрд м³** су алу жоспарлануда, оның ішінде «Қазсушар» РМК бойынша суару мақсатына су пайдаланудың 2025 жылға арналған алдын ала жоспары – **8,8 млрд м³**.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша **4,99 млрд м³** су алынды, бұл вегетациялық кезең жоспарының **57 %**-ын құрайды.

2024 жылдан бері «Қазсушар» РМК мен диқандар арасында тікелей шарт жасасу жұмыстары жүргізілуде. Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «Қазсушар» РМК филиалдары **26 802** шарт жасасқан. «Қазсушар» РМК филиалдары мен фермерлер арасында тікелей шарт жасасу су беру шарттарының ашықтығын қамтамасыз етуге, тараптардың

жауапкершілігін күшейтуге және суды рұқсатсыз пайдалануды қысқартуға мүмкіндік береді.

Су үнемдеу технологияларын ендіру

Инвестициялық субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізілді, ол өзгерістерге сәйкес суармалы жерлерде су алу мен су беруге арналған инфрақұрылым жүргізген кезде ұңғыма бұрғылауға, сондай-ақ су үнемдеу технологияларына инфрақұрылым жүргізуге, оларды сатып алуға және орнатуға жұмсалған фермерлердің шығындарын өтеу үлесі 50 %-дан 80 %-ға дейін ұлғайтылды.

Су ресурстарына ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру мақсатында халық арасында ауқымды ақпараттық-ағарту науқаны ұйымдастырылды. **«Таза Қазақстан» республикалық акциясы** аясында бүкіл ел бойынша 2 миллионға жуық оқушы қамтылған **«Суды үнемде – болашақты сақта» тақырыбына ашық сабақ өткізілді**. Аталған іс-шаралар жалғасып, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері қамтылатын болады.

Жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстың бәрі Су үнемдеу жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған жол картасына сәйкес жүзеге асырылады.

Су саласына инвестиция

Ислам Даму Банкімен «Климаттық орнықты су ресурстарын дамыту. 1-кезең» жобасына **1 млрд 153 млн АҚШ доллары** сомасына қарыз бен грант беру туралы келісім шеңберінде ағымдағы жылдың күзінде үш су қоймасын салу және екі су қоймасын реконструкциялау, сондай-ақ 96 арнаны автоматтандырып, күрделі жөндеу және реконструкциялау бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталады.

Түркістан облысының бес ауданының (*Сарыағаш, Келес, Қазығұрт, Жетісай және Мақтаарал*) тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Өгем өзенінде ГЭС каскады бар топтық су құбырын салу жоспарланып отыр. Жобаның құны 190 млрд теңгені құрайды.

Сонымен қатар су шаруашылығы жобаларына грант қаражатын тарту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні заманауи практика мен озық технологияларды ендіруді межелеп отырған халықаралық әріптестермен 4 келісім және 20 меморандум жасалды. Бүгінгі таңда жалпы көлемі 12 млн АҚШ доллары болатын гранттар тартылды және келісілді.

V. Энергетика және ТКШ

Инвестицияға айырбасталатын тариф

Тарифтік әдіснаманы жетілдіру жөніндегі қолданыстағы саясат жаңа инвестицияларды ынталандыру, инновациялық шешімдерді ендіру, тұтынушылармен коммуникация деңгейін арттыру және көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау арқылы табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігін арттыруға бағдарланған.

Салаға жаңа инвестицияларды ынталандыру арқылы коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту мақсатында 2023 жылдың басынан бері «Инвестицияға айырбасталатын тариф» бағдарламасын (бұдан әрі – *Бағдарлама*) іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде, ол 2023 – 2024 жылдары **12,3 мың км инженерлік желілерді жөндеу үшін шамамен 605 млрд теңге инвестиция тартуды қамтамасыз етті**. Бұл шаралар желілердің тозуын орта есеппен **6,2 пайыздық тармаққа төмендетуге мүмкіндік берді**.

«Энергетиканы және ТКШ жаңғырту» ұлттық жобасы

Энергетика және ТКШ саласындағы инфрақұрылымды жақсарту және авария жағдайларын болғызбау мақсатында 2024 жылғы желтоқсанда Үкімет «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын қабылдады.

Ұлттық жоба тыныс-тіршілік үшін өте маңызды жылу, электр энергетикасы, сумен жабдықтау және су бұру сияқты секторлардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бірінші кезектегі инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге бағытталған, бұл авария санын **20 %-ға** азайтуға және ел бойынша жабдықтар мен желілердің тозу деңгейін орта есеппен **40 %-ға** дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін шамамен **13 трлн теңге инвестиция** тарту жоспарланып отыр.

Ұлттық жобада қаржыландырудың жеті тетігі көзделген:

1. Тікелей қаржыландыру (*ҚДБ, ЕДБ, ХҚҰ, ҚДҚ*).
2. Синдикатталған/Қоса қаржыландыру.
3. Облигациялар (*Бәйтерек, ҚТК, ЖАО*).
4. Бюджеттік кредит.
5. Облигациялар (*жеке сектор*).
6. Жеке монополистердің капиталына кіру.
7. Лизингтік қаржыландыру (*ҚДҚ*).

Жалпы Ұлттық жобаны іске асыру коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылымды жақсартуға бағытталатын болады, мұның өзі халықтың тұрмыс сапасына және ел экономикасының дамуына оң әсерін тигізеді.

Биыл энергетикалық және коммуналдық секторларға **8 160 км инженерлік желіні** (жылумен жабдықтау – 323 км, электрмен жабдықтау – 7 135 км, сумен жабдықтау – 474 км, су бұру – 228 км) жаңғырту, жұмыс істеп тұрғандарын жөндеу және жаңа қуаттарды пайдалануға беру үшін **1,1 трлн теңгеден астам** инвестиция салынады.

Коммуналдық секторды жаңғырту

1,6 мың км жылумен жабдықтау желілерін, 77,6 мың км электрмен жабдықтау желілерін, 4,7 мың км сумен жабдықтау желілерін және 2,8 мың км су бұру желілерін жаңғырту үшін шамамен **6,8 трлн теңге** көлемінде инвестиция тарту жоспарлануда.

Тарифке әсерін азайту үшін қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауды көздейтін заңнамалық түзетулер әзірленді.

Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін тарифтік жүктемені жеңілдету мақсатында коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу шығындарын өтеу бойынша атаулы әлеуметтік көмек көрсетілетін болады.

Энергетика секторын жаңғырту

Электр энергиясын жаңғырту және жаңа генерациясын салу үшін **6,2 трлн теңге** сомасына инвестиция тартылады, бұл белгіленген қуатты **32,6 ГВт-қа** дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда елімізде 77 энергия өндіруші ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 19 станцияның тозу деңгейі 65 %-дан асады.

Электр энергиясын өндіру көлемі 117,9 млрд кВтсағ., бұл ретте электр энергиясын тұтыну 119,9 млрд кВтсағ. құрайды.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау

Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу кезінде отандық өндірісті барынша жұмылдыру жоспарланып отыр. ТКШ өнімдерін өндіретін кәсіпорындарды толық жүктеу көзделуде.

Бұдан басқа, инвестиция көлемі шамамен 190 млрд теңге болатын жаңа өндірістер салып, 3,5 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Бұл тәсіл ішкі бәсекеге қабілеттілікті арттырып қана қоймай, импортқа тәуелділікті қысқартуға және жалпы нарықтағы «жергілікті» кәсіпорындардың позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

«Жасыл» энергетиканы дамыту

Соңғы жылдары әлемдік практика ескеріліп, ЖЭК секторында инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша да, ЖЭК-ті дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдауға бағытталған мемлекеттік саясатты белсенді жүргізу арқылы да елеулі қадамдар жасалды.

ЖЭК ендіру және ЖЭО жаңғырту жөніндегі жобалар **төмен көміртекті экономикаға** көшуді қамтамасыз етеді.

Жаңа газ турбиналарын орнату және қолданыстағыларын жаңғырту электр станцияларының **пайдалы әсер коэффициентін арттыруға** және шығарындыларды азайтуға мүмкіндік береді.

2026 жылға қарай күн және жел электр станцияларының белгіленген қуатын 3,5 ГВт-қа дейін ұлғайту жоспарланып отыр, бұл **энергетикалық теңгерімді әртараптандыруды** қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні белгіленген қуаты 3122,12 МВт болатын **156 ЖЭК объектісі** (200 кВт-тан жоғары) жұмыс істейді:

- жел электр станцияларының 63 объектісі – қуаты 1 570,05 МВт;
- күн электр станцияларының 48 объектісі – қуаты 1 262,61 МВт;
- су электр станцияларының 42 объектісі – қуаты 287,685 МВт;
- биогаз электр станцияларының 3 объектісі – қуаты 1,77 МВт.

2025 жылы белгіленген жиынтық қуаты 455,5 МВт 9 ЖЭК жобасын (5 ЖЭС – 387,5 МВт, 2 ГЭС – 28 МВт, 2 КЭС – 40 МВт) іске асыру көзделуде.

VI. Көлік және логистика

2025 жылғы қаңтар-маусымда транзиттік тасымал көлемі **16,8 млн тоннаны** құрады, бұл 2024 жылғы осындай кезеңдегі көлемнен **4 %-ға** жоғары (16,1 млн тонна).

Автожолдарды дамыту

Автожолдарды салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша

2025 жылы **12,1 мың км** жолда құрылыс және жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Анықтама:

2,2 мың км республикалық маңызы бар жолдарды салу және реконструкциялау;

6,6 мың республикалық маңызы бар жолдарды күрделі және орташа жөндеу;

3,3 мың км жергілікті жолдарды жөндеу.

Биылғы жылдың соңына дейін **7 мың км** аяқтау жоспарлануда (салу және реконструкциялау – 847 км, күрделі және орташа жөндеу – 3 мың км, жергілікті желіні жөндеу – 3,1 мың км).

Автожолдардың ақылы учаскелерін ендіру бойынша

Жолдарды өзін-өзі қамтамасыз етуге көшіру және бюджетке түсетін жүктемені азайту мақсатында реконструкциялау жұмыстары аяқталған учаскелерде біртіндеп ақылы жүйе ендірілуде.

Бүгінгі күні ұзындығы **4,7 мың км** болатын **25 учаскеде** ақылы жүйе ендірілді.

Анықтама:

2025 жылға дейін ақылы жүйе 17 учаскеде (3,2 мың км) ендірілген: Астана – Щучинск (211 км), Астана – Теміртау (134 км), Алматы – Қонаев (42 км), Алматы – Қорғас (295 км), Астана – Павлодар (375 км), Қонаев – Талдықорған (186 км), Тараз – Қайнар (238 км), Шымкент – Қызылорда (447 км), Шымкент – Тараз (90 км), Шымкент – Ташкент (84 км), Щучинск – Көкшетау (61 км), Павлодар – Қалбатау (453 км), Бейнеу – Ақжігіт (85 км), Орал – Самара (56 км), Павлодар – Омбы (198 км), Көкшетау – Петропавл (169 км), Орал – Саратов (99 км).

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 8 учаскеде (1,5 мың км) ақылы жүйе ендірілді: Қызылорда – Арал (454 км), Ақтөбе – Орынбор (83 км), Қостанай – Троицк (163 км), Қостанай – Денисовка (151 км), Тараз қаласын айналып өту (57 км), Балқаш – Бурылбайтал 8 учаскеде ақылы тұрақ енгізілді (91 км), Шу – Бурылбайтал (176 км), Қандыағаш – Мақат (380 км).

Авиацияны дамыту

Әуе кемелерінің паркі **108** бірлікті құрайды, оның ішінде биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында жеткізілген Airbus A320 типіндегі **6** жаңа ұшақ бар.

Бүгінгі таңда **31 елмен 141 халықаралық бағыт** бойынша әуе қатынасы қайта жанданып ашылды, **аптасына жалпы 831 рейс** орындалуда.

Оның ішінде:

- **ТМД** елдеріне – 7 (Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Грузия, Беларусь, Әзербайжан);

- **Еуропа** елдеріне – 9 (*Түркия, Ұлыбритания, Мажарстан, Германия, Италия, Нидерланд, Польша, Чехия, Черногория*);

- **Таяу Шығыс** елдеріне – 7 (*БАӘ, Қатар, Иран, Мысыр, Кувейт, Бахрейн, Оман*);

- **Азия және Оңтүстік-Шығыс Азия** елдеріне – 8 (*Оңтүстік Корея, Қытай, Үндістан, Вьетнам, Тайланд, Моңғолия, Малайзия, Мальдив*).

Авиация қызметкерлерінің жалпы саны **23 мың** адамнан асады, мұның өзі саладағы негізгі операциялық процестердің іркіліссіз орындалуын қамтамасыз етеді.

Теміржол және су көлігін дамыту

2025 жылғы 6 айда теміржол көлігімен **150,1 млн тонна** жүк тасымалданды, бұл 2024 жылдың тиісті кезеңімен (*144 млн тонна*) салыстырғанда **4,3 %-ға** артық. Оның ішінде: республикамыздың ішіндегі тасымал – 83,5 млн тонна (+2,3 %), экспорт – 42,3 млн тонна (+9,2 %), импорт – 9,6 млн тонна (-4,7 %) және транзит – 14,6 млн тонна (+8,5 %).

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2029 жылға дейін **11 мың км** теміржол учаскесін жөндеу жоспарланған, оның ішінде **2800 км** астам жол жөнделді (*2023 ж. – 1400 км, 2024 ж. – 1400 км*).

Биыл **1 480 км** жолды жөндеу көзделген (*биылғы 6 айдың қорытындысы бойынша 655 км жөндеу аяқталды*).

2025 жылдың 6 айында **теңіз көлігімен** 4,5 млн тонна жүк тасымалданды, бұл 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 25 %-ға жоғары.

Қазақстандық теңіз порттары арқылы **контейнерлік тасымалдар 70 %-ға өсті**: 6 айда **47 889 ЖФЭ** (*2024 ж. 6 ай – 28 188 ЖФЭ*) ауыстырып тиелді. ТМТМ бағыты бойынша өсім **1,9 есе** немесе **40,2 мың ЖФЭ** (*2024 ж. 6 ай – 20,8 мың ЖФЭ*).

Ақтау портында контейнерлік хаб салу жүзеге асырылуда, 2025 жылғы 9 маусымда 1-ші іске қосу кешені пайдалануға берілді (*құрылысты 2025 жылғы желтоқсанда толық аяқтау жоспарлануда*).

Жоба Ақтау портының өткізу қабілетін жылына 240 мың ЖФЭ-ге дейін арттыруға мүмкіндік береді.

2025 жылдың 6 айында өзен көлігімен **451 мың тонна** жүк тасымалданды, бұл 2024 жылдың тиісті кезеңімен (*320 мың тонна*) салыстырғанда **41 %-ға** жоғары.

Жүк тасымалы Ертіс бассейнінде (құм-қиыршықтас қоспасы, шағал, құм және басқа жүк), Жайық-Каспий бассейнінде (құм-қиыршықтас қоспасы, балық), Іле-Балқаш бассейнінде (балық және басқа жүк) жүзеге асырылуда.

Автокөлікті және көліктік бақылау саласын дамыту

Халықаралық көліктік қызметтер көрсету нарығында автомобильмен отандық тасымалдаушылардың мүдделерін қорғау **басым бағыттардың бірі** болып табылады.

Отандық тасымалдаушылардың тасымалдау **географиясын кеңейту мақсатында 42 мемлекетпен** үкіметаралық келісімдер жасалып, сол елдермен жыл сайын шетелдік рұқсат бланкілеріне қатысты квота алмасу жүргізіледі.

Шетелдік рұқсат бланкілерін алмасу квотасы отандық тасымалдаушылардың мүдделері мен ішкі нарықты қорғау ескеріліп, сондай-ақ салалық қауымдастықтардың ұсыныстары негізінде белгіленеді, осыған байланысты кейбір елдермен рұқсат бланкілерін алмасу квотасы аз мөлшерде бекітілген.

Қазақстанда халықаралық автомобиль тасымалдарына шетелдік рұқсат бланкілерін беру бойынша жаңа қағидалар қолданылады, бұл қағидалар рәсімдерді жеңілдетуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған. Негізгі өзгерістерге процесті автоматтандыру, өтінімдерді қарау және рұқсат беру мерзімдерін қысқарту, сондай-ақ тасымал тарихы бойынша шектеулерді алып тастау кіреді.

Автоматтандырылған өлшеу станцияларын (АӨС) ендіру арқылы цифрлық өлшеу форматына толық көшіп, тәртіп бұзушылық болса, автоматты түрде әкімшілік жауапқа тарту бойынша шаралар қабылдануда (12 тоннадан жоғары жүк көтеретін көлік құралдарының міндетті түрде АӨС арқылы өтуі).

Бүгінгі күні **56 АӨС** (республикалық маңызы бар жолдарда 30, жергілікті жолдарда 26) орнатылды.

VII. Кәсіпкерлікті дамыту және инвестиция

Кәсіпорындардың өсуі

Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны былтырғы жылмен салыстырғанда **4,4 %-ға өсіп**, 2025 жылғы

1 маусымдағы жағдай бойынша **2 109 425** кәсіпорын болды (2024 жылғы 1 маусым – **2 018 847** кәсіпорын).

Экономикадағы **ШОБ үлесі** де **3,2 пайыздық тармаққа** өсіп, 39,7 % -ды құрады. Өнім шығару көлемі **19,2 %-ға** ұлғайып, **81,9 трлн теңгені** құрады.

Бизнес-ахуалды жақсарту

2024 жылғы 6 сәуірде бизнес жүргізу мәселелері бойынша заң қабылданды, оның шеңберінде **тексеруден профилактикалық іс-шараларға** көшу арқылы мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесі қайта қаралды.

Соның нәтижесінде Бас прокуратураның деректері бойынша 2024 жылы **53 320** тексеру тіркелген, бұл 2019 жылмен (128 364) салыстырғанда **58 %-ға** аз.

Сондай-ақ көрсетілген Заңмен бизнеске қойылатын **10 мыңнан** астам артық талаптың күші жойылды, қазіргі уақытта **өңірлік маңызы** бар актілерде белгіленген талаптар қайта қаралуда.

«1 in 2 out» қағидаты ендірілді (бизнес үшін қолданыстағы екі реттеу алып тасталып, бір талап ендіріледі). Бұл бизнеске қойылатын талап санын өсірмеуге мүмкіндік береді.

Әкімшілік кедергілерді одан әрі қысқарту мақсатында жыл соңына дейін бизнестің рұқсат алуы үшін қойылатын **біліктілік талаптары қайта қаралады**, сондай-ақ оларды алу **рәсімдері мен мерзімдері** оңтайландырылады.

Кәсіпкерлік қызметтің **58 саласында** анықталған 381 ақпараттық құралдың (бизнес есептілігі) **189-і** (49 %) оңтайландырылды, қазіргі уақытта оларды автоматтандыру жұмыстары жалғастырылып жатыр.

Бизнес пен мемлекеттің тиімді өзара іс-қимыл жасауы үшін цифрлық алаң қажет, сондықтан Үкімет бүгінгі таңда «eGov Business» мобильдік қосымшасын әзірлеп, іске қосты.

«eGov Business» қосымшасы мобильді байланыс құрылғылары арқылы шағын және орта бизнес үшін «Электрондық үкіметтің» мемлекеттік қызметтері мен сервистерін көрсету процестерін автоматтандыруға арналған.

Биылғы 1 сәуірде қосымшаның **жаңа нұсқасы** шығарылды. Бұл – авторланудан жылдам өтуге болатын бизнестің түсінікті «Менің бизнесім» жеке кабинеті, сондай-ақ бір-екі батырманы басып, 30-дан астам мемлекеттік көрсетілетін қызметке оңай қол жеткізуге болады.

Сонымен қатар кәсіпорынды тіркеу, салық күнтізбесі, электрондық сертификаттар алу және құжаттарға цифрлық қол қою сияқты **жаңа сервистер іске қосылды.**

Мемлекеттік қолдау

2024 жылдың қорытындысы бойынша жеңілдікті қаржыландыру шараларымен сомасы **1,3 трлн теңгеге жуық 26 мыңнан астам бизнес жобасы** қамтылды.

2025 жылы микро және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне уәкілетті операторды («Даму» қоры) қатыстырмай-ақ кредит беру үшін екінші деңгейдегі банктерге субсидия беру лимиттерін портфельдік әдіспен айқындау арқылы **жеңілдікті кредиттер берудің жаңа тетігі** бекітілді. Субсидияланатын кредит сомасы **200 млн теңгеден аспайды**, сыйақы мөлшерлемесі – **12,3 %** және кредит беру мерзімі – 3 жылға дейін.

Сонымен қатар **жеңілдікті кредит берудің «Өрлеу» жаңа бағдарламасы** іске қосылды, оның аясында кәсіпкерлер **12,6 %** мөлшерлемен және 10 жылға дейінгі мерзімге 7 млрд теңгеге дейін кредит ала алады.

Бүгінгі таңда **Даму қорының базасында екі кепілдік беру қоры** құрылды. Негізгі бағыттары – өңдеу өнеркәсібі, көлік, қоймаға жинау және білім беру қызметтерін көрсету.

Кепілдік беру қорлары мемлекеттік қаражатқа **тәуелділікті** біршама **төмендетуге** және банктердің өтімді құралдарын тарту есебінен **қаржыландыруға қолжетімділікті** айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2025 жылғы маусымдағы жағдай бойынша **107,5 млрд** теңге сомасына **784 жоба** қолдау тапты, оның ішінде берілген кепілдіктер **59,9 млрд** теңгені құрады.

100-ден астам қаржылық және қаржылық емес шараларды қамтитын **бірыңғай өзекті тізілім** жасалды. Әрбір шара үшін **стандартталған паспорт ендіріледі**. Бұл ашықтықты, қағидалардың бірыңғай әрі кәсіпкерлер үшін ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді.

Өтінімдерді екі деңгейлі тексеруді, алушылардың мониторингін іске асыратын және өңірлер мен салалар бойынша тиімділікті бағалауға мүмкіндік беретін «Baqylauda» жүйесі цифрлық инфрақұрылымның орталық элементіне айналады.

Мұның өзі қолдау шараларын алудың ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді, ал мемлекет үшін шешім қабылдау үшін сапалы құрал болады.

Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін төмендету арқылы жеке бизнесті дамыту

Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша **922,1 млрд** теңге сомасына **396** мемлекеттік объект бәсекелес ортаға берілді, **69** объект қайта ұйымдастыруға немесе таратуға жіберілді.

Бұл ретте осы бағыт шеңберінде мемлекеттік ірі компаниялар биржаға шығарылды. Соңғы жылдары IPO/SPO-ға **153,9 млрд** теңге сомасына «Қазмұнайгаз» АҚ, **22,6 млрд** теңге сомасына «KEGOC» АҚ, **10,6 млрд** теңге сомасына «Эйр Астана» АҚ акцияларын шығару жүзеге асырылды.

Бұл жеке капиталды тартуға, ашықтықты күшейтуге және халықты инвестициялық процеске жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Мұнымен бірге бүгінгі күні оңтайландыруға және жекешелендіруге жататын жаңа **475** мемлекеттік объектіден тұратын тізбе жасалды.

Басты мақсат – мемлекеттік активтерді бәсекелес ортаға беру, экономиканың тиімділігін арттыру және жеке бизнесті дамыту үшін жағдай жасау.

Сонымен қатар бәсекелес салалардағы мемлекеттік кәсіпорындар санының қайтадан өсуіне жол бермейтін нормативтік шарттар тұжырымдалуда.

Мысалы, квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді, жекешелендіру бойынша жаңа тәсілдер бекітілді (*мемлекет қатысуының қосалқы рөлі; қатысудың уақытша болуы; жекешелендіру кезінде жеке монополиялар құруға жол берілмеуі және т.б.*), кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің қатысу негіздері жаңартылды (*Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының 1-тармағының 5-тармақшасы алып тасталды*).

Экономиканы монополиясыздандыру: бәсекелестіктің артуы, жағдайды теріс пайдаланудың азаюы

Мемлекет басшысы әділ әрі ашық бәсекелестікті қамтамасыз ету, экономикадағы жасанды монополиялардың бәрін түп тамырымен жою мәселелеріне баса назар аударады.

Осыған байланысты 2022 жылы Экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия құрылды. Салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде оның қызметінің нәтижесінде өзінің монополиялық жағдайын пайдаланып жүрген әртүрлі ұйымдардан бірқатар объектілер мен ақшалай қаражат мемлекет меншігіне және ұлттық компаниялардың меншігіне қабылданды.

Атап айтқанда, республикалық және коммуналдық меншікке **17 АҚ** мен ЖШС-ның акциялар пакеттері мен оларға қатысу үлестері, Шығыс Қазақстан облысындағы мүліктік кешен, **7** ғимарат, **162** теміржол мен құрылысжай, **7** автомобиль және өзге де мүлік (*2 мыңнан астам бірлік*) қабылданды.

Бұдан басқа, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 1 млрд теңге берілді.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына **100 млн АҚШ доллары** және **1,49 млрд теңге** берілді.

Мемлекеттік сатып алу

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң қолданысқа енгізілді.

Заң сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, сатып алу рәсімдерін оңайлатуға және одан әрі автоматтандыруға бағытталған.

Қоғамдық мониторинг енгізіліп, сатып алу қорытындыларына шағымдану тәртібі қайта қаралды және өнім берушілердің жауапкершілігі күшейтілді.

Мемлекеттік сатып алу қағидалары аясында **сатып алу мерзімдері мен рәсімдері қысқартылды**. Конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау – 5 жұмыс күнінен 2 жұмыс күніне дейін, конкурстық өтінім қабылдау – 15 жұмыс күнінен 5 жұмыс күніне дейін, өтінімдерді қарау және қорытынды шығару – 10 жұмыс күнінен 3 жұмыс күніне дейін.

Сайып келгенде сатып алуды жүргізуге қажетті күндердің жалпы саны орта есеппен 3 есеге қысқарды (*30 жұмыс күнінен 10 жұмыс күніне дейін*).

Құрылысқа байланысты жұмыстар бойынша **қоғамдық мониторинг ендірілді**. Жұмыстарды орындау кестелерін, шарттардың орындалуы бойынша есептерді баршаға ортақ қолжетімділікте орналастыру, шарттардың орындалуын мониторингілеуге жұртшылықты тарту жоспарлануда.

Сатып алуды жедел жүргізу және рәсімдерді созуға жол бермеу мақсатында шағымдарды сатып алуды ұйымдастырушының өзі қарайды. Сатып алу қорытындысына сот тәртібімен шағым берілген кезде сатып алу рәсімдері **тоқтатып қойылмайды**.

Мөлшері аз сатып алуды жүзеге асыру мақсатында **100 АЕК-ке дейінгі тауарларды, 500 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді** бір көзден алу құқығы ендірілді. **Ауылдық әкімдіктер** үшін

бір көзден сатып алу шегі **3 мың АЕК-тен 4 мың АЕК-ке дейін ұлғайтылды.**

Төтенше жағдайларға жол бермеуге қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен конкурстық рәсімнен тыс сатып алу мүмкіндігі көзделген.

Оңайлату мақсатында біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылған бір өтінім ұсыныл болса, конкурс өткізілді деп танылады. Бұған дейін біліктілік талаптарына сәйкес келетін өнім берушілерден кемінде екі өтінімнің болуы қажет болатын.

2019 жылдан бері бір көзден мемлекеттік сатып алу көлемі **34 %-дан 26 %-ға дейін төмендеді.**

Толық бітіріп берілетін құрылыс тетігі енгізілді. Жобаларды бір мердігер іске асырады: жобалаудан бастап объектіні салуға және пайдалануға беруге дейін. Объектілерді мәслихаттар бекітеді.

Қосалқы мердігерге берілетін жұмыстар көлемі **50 %-дан 30 %-ға дейін қысқартылды.**

Мемлекеттік сатып алудың бірыңғай операторы – «Электрондық қаржы орталығы» АҚ базасында қолданыстағы сатып алу алаңдарымен (*goszakup.gov.kz, zakup.sk.kz, mitwork.kz*) интеграциялау арқылы **Бірыңғай сатып алу платформасы** құрылды, ол мемлекеттік сатып алуға, ұлттық компаниялардың сатып алуына және «Самұрық-Қазына» қорының сатып алуына қатысуға қол жеткізу нүктесін қамтамасыз етеді.

Отандық өндірушілерді қолдау мақсатында отандық өндірісті ынталандыру және қазақстандық қамту үлесін ұлғайту жөніндегі шаралар қабылданды.

Отандық өндірушілерге берілетін преференциялар:

- 30 % мөлшерінде міндетті түрде аванс төлеу;
- қамтамасыз етудің барлық түрлерінен босату (*шарттың орындалуын қамтамасыз ету, авансты қамтамасыз ету, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда қамтамасыз ету сомасы*);
- шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (*айыппұлды, өсімпұлды*) шарт сомасының 10 %-ынан 3 %-ына дейін төмендету.

Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталында 101 мыңнан астам өнім беруші және 18 мыңнан астам тапсырыс беруші тіркелген.

2025 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу көлемі – 8,5 трлн теңге.

2025 жылдың 6 айында отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттар саны – 106 804, сомасы – 333,4 млрд теңге.

2025 жылдың соңына дейін отандық тауарлар өндірушілерден 142 млрд теңге сомасына қосымша тауар сатып алу жоспарланып отыр.

Инвестициялық саясат

Қазақстан **2029 жылға қарай ЖІӨ деңгейін 450 млрд АҚШ долларына дейін** екі есе өсіруді, сондай-ақ осы кезеңде экономикаға кемінде **150 млрд АҚШ доллары** көлемінде шетелдік капиталдың құйылуын қамтамасыз етуді межелеп отыр.

Осы тұрғыдан алғанда инвестиция тарту еліміздің экономикалық тұжырымдамасында түйінді фактор болып табылады.

Үкімет инвестициялық тартымдылықты арттыру бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.

Елдің жаңа инвестициялық циклін іске қосу шеңберінде **Инвестициялық саясаттың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы** жаңартылды.

Бұл құжат орнықты әрі біртұтас бизнес-экожүйені қалыптастырудың жүйелі тәсілін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық штаб деп аталатын Инвестиция тарту жөніндегі кеңес инвесторларды қолдаудың маңызды құралдарының біріне айналды.

Инвестициялық штаб қызметі «осы жерде және қазір» форматында ұйымдастырылған, инвесторлардың мәселелері жедел шешіледі.

Инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингіне ерекше назар аударылған.

Инвестиция салу процесін оңайлататын әрі жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде ашықтықты қамтамасыз ететін **Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа** іске қосылды.

Жаңа инвестициялық циклді іске қосу бойынша «инвестицияға тапсырыс беру» қағидаты негізге алынған жаңа тәсіл ендіріледі.

Бәсекелік артықшылықтары анағұрлым жоғары тауашаларды айқындау үшін бейінді орталық мемлекеттік органдар мен әкімдіктер елдердің инвестициялық бағдарламалары мен Инвестициялық өңірлік бағдарламалар шеңберінде кейіннен таргеттеу үшін өңірлік және салалық инвестициялық ұсыныстарды қалыптастыру бойынша ұдайы жұмыс жүргізеді.

Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасында инвесторлар үшін салықтық және кедендік жеңілдіктерді, заттай түрдегі гранттарды, инфрақұрылым жүргізуді және т.б. қоса алғанда,

инвестициялық преференциялардың алуан түрі көзделген.

Басым салалардағы құны 60 млн АҚШ долларынан асатын инвестициялық жобалар үшін қазақстандық заңнаманың 25 жыл бойы тұрақты болатынына кепілдік беретін **Инвестиция туралы келісім** жасасу мүмкіндігі бар.

Инвестиция туралы келісім Қазақстан Үкіметінің шешімі бойынша жасалады және өтінімге бастама жасау кезеңінен бастап өңірде іске асырылғанға дейін сүйемелденеді.

Инфрақұрылымы дамыған, салықтық және кедендік режимі жеңілдетілген арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға ерекше көңіл бөлінеді.

«Астана» халықаралық қаржы орталығында (бұдан әрі – АХҚО) бизнес жүргізуге бірегей жағдайлар ұсынылады.

АХҚО базасында ағылшын құқығы юрисдикциясының болуы құқықтық рәсімдердің ашықтығына кепілдік береді.

АХҚО жасыл, исламдық және инновациялық қаржы құралдарын дамыту үшін сенімді әріптес ретінде де әрекет етеді.

Сонымен қатар Үкімет инвесторлардың сұраныстарына, сондай-ақ ұзақмерзімді әріптестік үшін ең үздік әлемдік стандарттарға сәйкес қолдау шараларын жетілдіруді жалғастырады.

Осылайша, Қазақстан инвестиция көлемін, озық технологиялар трансфертін ұлғайтуды, өндірістерді локализациялауды және инвесторлардың қатысуымен қайта өңдеу деңгейі жоғары салалық кластерлер құруды межелеп отыр.

Ол үшін отандық инвесторлар үшін де, шетелдік инвесторлар үшін де тең жағдайлар жасалған.

Инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық кезеңінде инвесторлар бүкіл мемлекеттік жүйенің қолдауына сенім арта алады.

«Kazakh Invest» ұлттық компаниясы уәкілетті мемлекеттік органдармен бірге жобаларды сүйемелдеуде және туындайтын мәселелерді шешуде жан-жақты қажетті көмек көрсетеді.

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы

Жаһандық экономика құбылмалы әрі капитал үшін бәсеке жоғары болып отырған жағдайларда Қазақстан Орталық Еуразия өңіріндегі жетекші инвестициялық бағыттардың бірі мәртебесін растай отырып, **тікелей шетелдік инвестиция легінің (ТШИ) тұрақты деңгейін сақтап қалды.**

2024 жылы Қазақстанға тікелей шетелдік инвестиция **17,2 млрд АҚШ долларын** құрады, **49** жаңа жоба іске асырылып, **17 828** жұмыс орны құрылды.

Инвестицияның негізгі бағыттары: тау-кен өндіру өнеркәсібі (6,5 млрд АҚШ доллары), өңдеу өнеркәсібі (2,8 млрд АҚШ доллары), көтерме және бөлшек сауда (5,3 млрд АҚШ доллары), кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет (0,9 млрд АҚШ доллары). Сондай-ақ жаңартылатын энергия, тамақ өнімдері, бизнес-қызметтер және R&D саласындағы жобаларға қызығушылық сақталуда.

2024 жылдың қорытындысы бойынша аса ірі инвесторлардың **ТОП-5-тігіне** Ресей (4,1 млрд АҚШ доллары), Нидерланды (3,8 млрд АҚШ доллары), Оңтүстік Корея (1,2 млрд АҚШ доллары), Бельгия (1,2 млрд АҚШ доллары) және Қытай (1,2 млрд АҚШ доллары) кіреді. Бұл елдер инфрақұрылымдық жобаларды да, технологиялық жобаларды да іске асыруда, оның ішінде газды қайта өңдеу зауыттарын, логистикалық хабтарды және жерде сирек кездесетін металдар өндіретін кәсіпорындарды салуда.

2025 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы құйылуы **6,6 млрд АҚШ долларын** құрады, бұл **2024 жылдың тиісті кезеңімен** (6,2 млрд АҚШ доллары) **салыстырғанда 6,2 %-ға артық**.

Жаңа Салық кодексінің негізгі тәсілдері

Сараланған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі енгізіледі. Жалпы КТС базалық мөлшерлемесі 20 % деңгейде сақталады, кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру жөніндегі қызметті қоспағанда (20 %), банк қызметі үшін – 25 %, қаржы лизингі компаниялары үшін – 10 %, әлеуметтік сала үшін (білім, медицина) – 2026 жылдан бастап – 5 %, 2027 жылдан бастап – 10 % деңгейінде, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін – 3%.

Ұлттық банктің ноталары бойынша кіріске 25 % мөлшерінде, өзге мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша 20 % мөлшерінде КТС салынатын болады. Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кіріске 10 % мөлшерінде КТС салынатын болады. Экономиканың нақты секторын қолдау және инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция тарту үшін «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі шығарған бағалы қағаздар бойынша кіріс салық салудан босатылады.

ҚҚС базалық мөлшерлемесі 16 % мөлшерінде белгіленді. Дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерге ҚҚС төмендетілген

мөлшерлемелері енгізіледі: 2026 жылдан бастап 5 % және 2027 жылдан бастап 10 %.

Отандық мерзімді баспа басылымдарын өткізгенде ҚҚС-ның төмендетілген мөлшерлемесі көзделеді – 10 %.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, міндетті медициналық сақтандыру, орфандық және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу шеңберінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ҚҚС-дан босатылады.

Бұдан басқа, отандық баспа кітаптарын, басып шығарылған түрде кітап шығару бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу, археологиялық жұмыстар бойынша айналымдарды ҚҚС-дан босату көзделген.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында есепке жатқызылатын қосымша ҚҚС мөлшері 70-тен 80 %-ға дейін ұлғайтылды, яғни олар үшін жүктеме қолданыстағыдан төмен болады.

ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі 20 мың АЕК-тен (80 миллион) 10 мың АЕК-ке (40 млн теңге) дейін төмендетілді.

Жеке табыс салығының прогрессивті мөлшерлемесі енгізіледі. Егер жеке тұлғаның жылдық кірісі 8 500 АЕК-тен (33,4 млн теңге) асатын болса, ЖТС-ның 15 % жоғары мөлшерлемесі белгіленді. Жоғарылатылған мөлшерлеме осы шектен асқан сомаға қолданылатын болады.

Бұдан басқа, 230 000 АЕК-ке дейінгі дивидендтер түріндегі кіріс үшін ЖТС мөлшерлемесі 5 %, ал осы шектен асатын сомаға 15 % мөлшерінде белгіленеді.

Жалпы белгіленген салық салу тәртібін қолданатын дара кәсіпкерлердің 230 000 АЕК-ке дейінгі сомадағы кірісі үшін ЖТС мөлшерлемесі 10 %, ал осы шектен жоғары болса, одан асатын сомаға 15 % құрайды.

Кірісіне 70 % мөлшерінде жеңілдікті қолданып, жалпы белгіленген салық салу режимінде жұмыс істейтін шаруа (фермер) қожалықтарының кірісіне ЖТС төмендетілген мөлшерлемесі қолданылатын болады. Сомасы 230 000 АЕК-ке дейінгі кіріс бойынша ЖТС мөлшерлемесі 3 %, ал осы шектен жоғары сомаға 4,5 % құрайды (70 % жеңілдікті ескергенде).

Арнаулы салық режимдері жетеуден үшке дейін оңтайландырылды:

- 1) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін;
- 2) оңайлатылған декларация негізінде;
- 3) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін.

Бұл ретте **инвесторлар үшін қосымша ынталандыру шаралары** ұсынылады:

- құрылыс, жабдықтар мен бағдарламалық қамтылымды сатып алу, сондай-ақ оларды реконструкциялау мен жаңғырту шығындары бойынша 100 % шегерімдер;

- қолданыстағы келісімшарттар шеңберінде немесе олардан тыс барлау бойынша шығыстарға шегерімдер;

- кен орындарының рентабельділігі төмен жаңа бөліктерін игеру үшін 5 жылға дейін ПҚӨС нөлдік мөлшерлемесін енгізу;

- КТС-ны 100 %-ға төмендетуді, мүлік салығы мен жер салығынан, сондай-ақ жабдық импортына ҚҚС-дан босатуды қоса алғанда, қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеуге арналған салықтық преференциялар;

- жетілген мұнай кен орындары үшін жер қойнауын пайдалануға балама салық (АНН+режимі) ұсынылады.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері ЖТС төлеуден босатылады.

Бұдан басқа, көлік салығы шығарылған жылына қарай пайдалану мерзімі:

- 10 жылдан 20 жылға дейінгі жеңіл автомобильдер бойынша 30 %-ға;

- 20 жылдан асқан жеңіл автомобильдер бойынша 50 %-ға төмендетілді.

Сондай-ақ, әлеуметтік салық шегерімінің мөлшері бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін 882 АЕК-тен 5 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Салықтық әкімшілендірудің сервистік моделі ендірілуде. «Фискалдық» сүйемелдеуді ендіруге баса назар аударылатын болады. Яғни бизнес тіркелген сәттен бастап салық төлеушінің бүкіл қызметі барысында ақпараттық және басқа қолдау көрсетіледі.

Бұл ретте салықтардың, төлемдердің, алымдардың саны 20 %-ға, салық есептілігінің нысандары 30 %-ға қысқартылды.

Камералдық бақылау тәсілдері түбегейлі өзгереді. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу тәсілдері де өзгереді. Берешек 1500 АЕК-ке дейін болса, кейінге қалдыру/бөліп төлеу рәсімі жеңілдетіледі.

Жаңа Бюджет кодексі негізгі тәсілдері (15.03.2025ж. қол қойылды).

1. Салық-бюджет саясатын, ақша-кредит саясаты мен фискалдық саясатты байланыстыру

Мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін елдің дамуын 10 жыл шегінде ұзақмерзімді болжау, бюджеттік қағидалар жүйесі, бюджеттік тәуекелдер мен салық шығыстары туралы талдамалық есептер, мемлекеттік қаржы статистикасы туралы есептер көзделген.

Фискалдық саясат пен ақша-кредит саясатын үйлестіру мемлекеттік сектордың барлық активтері мен міндеттемелерін шоғырландырып есепке алу арқылы және инфляцияны төмендету жөніндегі мақсаттар ескерілген бюджеттік қағидаларды қолдану арқылы іске асырылады.

Салық саясаты салықтық жеңілдіктер мен преференциялардан бюджет шегетін шығынды талдау және есепке алу бөлігінде бюджет саясатымен байланысты.

2. Квazимемлекеттік сектор субъектілерін қоса алғанда, мемлекеттің борыштық саясатын бақылауды кеңейту

Жорамалдау мен есепке алу үшін мыналарға кешенді талдау жүргізу көзделген:

- жинақталған міндеттемелердің жай-күйі (*құрылымы, валюталары, мөлшерлемелері, өтеу мерзімдері бойынша*);

- қарыздың жинақталған және болжанатын портфелі бойынша негізгі тәуекелдер;

- үкіметтік борышқа, ЖАО мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышына қызмет көрсету және өтеу қабілетін талдау.

Борыштың барлық лимиттері, оның ішінде квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының лимиті республикалық бюджет туралы заңда, яғни Парламентпен келісіп белгіленетін болады.

3. Ұлттық қорды пайдалану шарттарын енгізу

Бюджеттік қағидаларды қолданудың міндеттілігі және олардан ауытқудың нақты жағдайлары және мұндай жағдайларда Үкіметтің Парламент пен қоғам алдындағы ресми түсіндірмесі регламенттеледі.

Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансфертті аса маңызды инфрақұрылымға ғана пайдалануға шектеу енгізілді, тиісті өлшемшарттар енгізілді.

Ұлттық қор арқылы іске асырылатын жобаларға сараптама және оларды ҰҚБК-де мақұлдау процесі күшейтілуде.

Квazимемлекеттік сектор субъектілері үшін Ұлттық қор қаражатын нарықтық емес (жеңілдікті) шарттарда тартуға тыйым салынды.

4. Мемлекет басшысының, Үкімет пен ЖАО-ның резервтерін жинақтау

Трансферттерді есепке алмағанда тиісті бюджет кірістері көлеміне қатысты Мемлекет басшысының бастамаларына арналған резерв – 1,5 %-дан 3 %-ға дейін, Үкіметтің – 3 %-ға дейін, ЖАО – кемінде 2 %.

Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп шеңберінде уәкілетті органдар Парламент пен халыққа резервтердің пайдаланылуы туралы ақпарат беріп тұратын болады. Онда бюджетте баламалы көздердің бар-жоғы және бюджетті әзірлеген кезде оларды жоспарлаудың мүмкін болмауының себептері туралы ақпарат та қамтылады.

5. Ұтымды өтемақы тетігін енгізу

Оның мәні жергілікті бюджеттің кіріс бөлігінің асыра орындалуын тиімді пайдалануға сайып келеді.

Төмен тұрған бюджеттер кірісінің асыра орындалған сомалары бір тоқсанда бір рет олардың борыштық міндеттемелерін өтеуге және халықты ең қажетті игіліктермен (*газдандыру, сумен жабдықтау, тазарту, дренаждық жүйелер, кәріз, жылу және электр желілері мен жолдар*) қамтамасыз ететін жергілікті бюджеттердің шығыстарын қаржыландыруға жіберілетін болады.

6. Қазынашылыққа «Мемлекеттік қазынашылық» мәртебесін беру шеңберінде өтімділікті басқару

Республикалық бюджеттің кассалық алшақтығын жоққа шығару үшін қазынашылыққа квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы уақытша бос қаражатты басқарып, кейіннен қаржы жылы шеңберінде қалпына келтіруге мүмкіндік берілді.

Өз кезегінде, қазынашылық шоттарындағы бюджет қаражатының пайдаланылмайтын қалдықтары да қаржы құралдарына орналастырылатын болады және осылайша бюджетті толықтырады.

7. Бюджет кодексі деңгейінде мемлекеттің дивидендтік саясатын реттеу

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қатысты мемлекеттің дивидендтік саясатын реттеу Бюджет кодексі деңгейінде регламенттелген:

1) Ұлттық әл-ауқат қорына қатысты Үкімет Ұлттық әл-ауқат қорының жалғыз акционерінің шешімдеріне сәйкес жобаларды қаржыландыру қаражатының көлемін ескере отырып, портфельдік компаниялар төлеген

дивидендтер сомасының кемінде 50 %-ы мөлшерінде дивиденд төлеу жөнінде шаралар қабылдайды;

2) квазимемлекеттік сектордың өзге субъектілеріне қатысты тиісті саланың уәкілетті органдары және жергілікті атқарушы органдар таза пайданың кемінде 70 %-ын жіберу үшін шаралар қабылдайды.

Бұл тәсілде анағұрлым икемді дивидендтік саясат көзделеді, дивиденд төлеу мен таза пайданы активтердің өсуіне жұмсау арасындағы теңгерім сақталады.

8. Негізгі капиталға инвестициялар

Бюджеттік инвестицияларды, МЖӨ, бюджеттік кредиттер есебінен іске асырылатын жобаларды, Ұлттық қордан алынған облигациялық қарыздарды, кепілдік берілген мемлекеттік қарыздар мен мемлекет кепілгерлігі есебінен іске асырылатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жобаларын қамтитын «мемлекеттік инвестициялық жобалар» ұғымы кеңейтілді.

Осыны ескере отырып, экономика секторлары бөлінісінде елдің ЖІӨ-не салымның үлесін әр жоба бойынша сараптау мен бағалауды көздейтін «мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелі» қалыптастырылатын болады.

Сондай-ақ басталған және жалғасып жатқан жобаларды басымдықпен қаржыландыру, сондай-ақ жобаны бірінші жылы жобаның жалпы құнының кемінде 30 %-ы көлемінде қаржыландыру қажеттігін бекіту арқылы ұзаққа созылып кеткен құрылыстардың проблемаларын шешу қолданбалы жаңалықтардың бірі болып табылады.

VIII. Отандық тауар өндірушілерді қолдау

Реттелетін сатып алуға қатысу басым құқық беру өңдеуші өнеркәсіп орындарын қолдаудың пәрменді құралдарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу аясында **4 834 позиция** ұлттық режимнен алып тасталды. Соның нәтижесінде ағымдағы жылдың алғашқы **6 айының** қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар тарапынан жалпы сомасы **341 млрд** теңгеге **109 мыңнан** астам шарт жасалды. **Өсім** былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда **2 еседен асады**.

«Самұрық-Қазына» қоры отандық тауар өндірушілерді қолдау сапасын жетілдіру үстінде, мұның оң нәтижесі бар. Мәселен, **2024** жылдың

қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазынаның» еншілес ұйымдары **537,4 млрд** теңге сомасына **287** шарт жасасқан, бұл 2023 жылмен салыстырғанда **3 есе** дерлік артық. Ал биылғы жылдың қаңтар-маусым айларының қорытындысы бойынша **230,3** млрд теңге сомасына **417** шарт жасалды.

Жер қойнауын пайдалану саласы елдің өнеркәсіптік әлеуетін дамытудағы түйінді бағыттардың бірі болып табылады. Айталық, 2024 жылдың қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдаланушылар **138,9 млрд** теңге сомасына **290** шарт жасасқан, бұл 2023 жылмен салыстырғанда **2,6 есе** көп. Ал биылғы жылдың қаңтар-маусым айларының қорытындысы бойынша **901,4 млрд** теңге сомасына **551** шарт жасалған.

Өндірушілерді нақты қолдау шараларымен қатар өңдеуші өнеркәсіпті дамыту үшін елдің **қазіргі ішкі резервтерін іске қосу** бөлігінде **заң шығару қызметін** күшейту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Енді ірі тапсырыс берушілер, оның ішінде мемлекеттік органдар мен жер қойнауын пайдаланушылар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуда **елдің ішкі құндылығының үлесін ұлғайтуға бағытталған бағдарламалар** әзірлеп, оларды іске асыруға тиіс.

Аталған бағдарламалар жер қойнауын пайдаланушылардың сұранысын қамтамасыз етуге бағдарланған «орнықты» өндірістерді дамытуға бағытталатын болады.

Өндірушілер мен олардың өнімдері туралы деректерді қамтитын мемлекеттік **цифрлық жүйе** болып табылатын Қазақстандық тауар өндірушілердің **бірыңғай тізілімін** құруға қатысты түзетулер биылғы жылы заң шығарудағы тағы бір жаңалық болды.

Аталған тізілімді ендіру деректерді шоғырландыруға, «жалған өндірушілерді» анықтауға, ашықтықты арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

2025 жылғы 19 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті тізілімнің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін Заңға қол қойды.

Қазіргі уақытта заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді бекіту және Тізілімді **өндірістік пайдалануға** енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

IX. Цифрландыру, инновация және байланыс

Жаңа цифрлық мемлекеттік қызметтерді ендіру

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 91 %-ы электрондық форматта көрсетілді.

Цифрлық құжаттардың саны – 38 түр.

Смартфон арқылы алуға болатын қызметтердің үлесі 91 %-ға жетті.

2025 жылдың 6 айында тізілімдегі 1408 мемлекеттік көрсетілетін қызметтің 91 %-ы онлайн форматта ұсынылды.

IT-саланы дамыту

Astana Hub алаңында IT-қызметтер мен өнімдерді экспорттауға бағытталған отандық IT-компанияларды қолдау бағдарламасы жалғасуда.

Отандық IT-компаниялар көрсеткен қызметтердің көлемі 2021 жылы **1,5 млрд** АҚШ доллары болса, 2024 жылы **3,7 млрд** долларға дейін өсті, IT-қызметтер экспорты **2021 жылғы 30 млн доллардан 2024 жылы 700 млн долларға** дейін артты.

Astana Hub экожүйесінде шамамен **1700 компания** шоғырланған, оның ішінде 450-іне (27 %) шетелдіктер қатысады. Компаниялардың жалпы санынан **477 компания** экспортпен айналысады, оның **208-і** – қазақстандық (2020 жылы 32 компания). Бұл компаниялардың экспорт көлемі 2020 жылы **2 млрд теңге** болса, 2024 жылы **53 млрд теңгеге** дейін ұлғайған.

Халықаралық ынтымақтастық аясында InDrive, Netcracker, Playrix, Telegram сияқты және басқа да технологиялық алпауыттармен бірлескен жұмыс жүргізілуде.

Елде жасанды интеллект экожүйесін дамыту

Жасанды интеллект экожүйесін дамыту негізі қалануда.

Парламентте жасанды интеллект туралы заң жобасы қаралуда, ол технологияларды қауіпсіз және тиімді дамыту үшін құқықтық негіз қалайды.

5 жылда 1 млн азаматқа жасанды интеллект негіздерін оқыту жоспарлануда. Қазірдің өзінде **еліміздің 20 жоғары оқу орнында** тиісті білім беру бағдарламалары ендірілді.

Биыл қазан айында **Халықаралық ЖИ орталығы – Alem.AI** ашу жоспарланып отыр.

Суперкомпьютерді іске қосу

Биылғы 9 шілдеде Орта Азиядағы тұңғыш суперкомпьютер кластері іске қосылды.

Суперкомпьютердің жиынтық өнімділігі FP8 форматындағы есептеу әдістемесіне сәйкес шамамен 2 эксафлопсты құрайды, мұның өзі оның өңірдегі ең қуатты есептеу шешімі екенін көрсетеді.

Суперкомпьютердің мүмкіндіктерін мемлекеттік ғылыми институттар, жоғары оқу орындары мен бизнес пайдалана алады.

Елді мекендерді байланыспен қамтамасыз ету

Бүгінгі күні республикадағы 6298 елді мекеннің ішінде **119 қала** (оның ішінде 90 қала және 29 қала үлгісіндегі кент) пен **4906 ауыл** 3G (2724 ауыл) және 4G (2182 ауыл) технологиясы бойынша **кең жолақты** Интернетпен қамтамасыз етілген.

ADSL технологиясы бойынша 1902 ауылда, ал талшықты-оптикалық байланыс желісі бойынша 2654 ауылда тіркелген қолжетімділік бар.

2027 жылдың соңына дейін **3039 ауыл жоғары жылдамдықты Интернетке** қосылады.

Шалғайдағы ауылдар **спутниктік** байланыс жүйесі арқылы қосылады: қазірдің өзінде **KazSat** спутниктері арқылы **176** ауыл қосылған, ал 2025 жылдың соңына дейін **OneWeb** спутниктері арқылы тағы **328** ауылды қосу жоспарлануда.

Х. Туризм

2024 жылдың қорытындысы бойынша ішкі туристер саны 10,5 млн адамды құрады (2023 жылы – 9,6 млн адам), ал елімізге келген шетелдік туристер саны 15,3 млн адамнан асты (2023 жылы – 9,2 млн адам).

2024 жылы орналастыру объектілері тарапынан көрсетілген қызметтердің көлемі 300 млрд теңгені құрап, 2023 жылмен (229 млрд теңге) салыстырғанда 23 %-ға артты.

2024 жылдың қорытындысы бойынша туризм саласында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 948 млрд теңгені құрады (2023 ж. – 787 млрд теңге, өсім – 17 %).

Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында елімізге келген шетелдік туристер саны шамамен 7,5 млн адамды құрады (2024 ж. I жартыжылд. – 6,9 млн адам, өсім – 8,6 %).

Орналастыру орындарының саны 309 бірлікке (7 %) артып, 4313 бірлікті құрады. Бір уақыттан қабылдай алатын орын саны 19 мың бірлікке (8 %) өсіп, 226 мыңнан асты.

2025 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша туризм саласында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 307,4 млрд теңгені құрады (2024 ж. 5 ай – 271,2 млрд тг, өсім – 13,3 %).

Қазіргі уақытта 87 елдің азаматтары үшін визасыз режим қолданылады.

31 елмен халықаралық әуе қатынасы орнатылған, халықаралық 141 әуе бағыты бойынша аптасына 831 рейс орындалады.

Өткізу қабілетін арттыру мақсатында және туристерге ыңғайлы болуы үшін **Q-gate жүйесінің іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету** және **барлық жерүсті өткізу пункттерін** аталған жүйемен кезең-кезеңімен біртіндеп жабдықтау мәселелері пысықталуда.

Туризм және саяхат бойынша ДЭФ рейтингінде Қазақстан 2024 жылдың қорытындысы бойынша 14 сатыға жоғарылап, 52-орынды иеленді (2023 ж. – 66-орын).

Туристік 3 басым дестинация бойынша кешенді даму жоспарлары әзірленді:

– Щучинск-Бурабай курорттық аймағы

Анықтама: Кешенді жоспар шеңберінде Қатаркөл, Үлкен және Кіші Шабакты, Жөкей көлдері сияқты локацияларда туризмді дамытып, экологиялық тепе-теңдікті сақтау, көлікпен жету мүмкіндігін арттыру (оның ішінде жүрдек пойыздарды іске қосу), инфрақұрылым салу, сондай-ақ маршруттық экоавтобустарды іске қосу көзделген.

– Алматы тау кластері

Анықтама: Алматы тау кластерін дамыту жөніндегі кешенді жоспар аясында қазіргі Ой-Қарағай және Шымбұлақ курорттарын кеңейту және біріктіру, Пионер, Бұтақты, Кімасар курорттарын дамыту жоспарланған.

– Маңғыстау курорттық аймағы

Анықтама: Кешенді жоспар аясында «Жылы жағажай» аумағында халықаралық деңгейдегі қонақүй кешендерін, («Wyndham Garden Aktau» 4*, «Bozjyra Safari», «Ayraqty Safari Hotel» кешендерін, «Pana Bozjyra» визит-орталығын, Ақтау қаласында халықаралық деңгейдегі стадион салу және Кендірлі курорттық аймағын дамыту, көлік инфрақұрылымын реконструкциялау және абаттандыру, туристік және тарихи-мәдени объектілерді тазарту, теңіз жағалауын тереңдету жұмыстарын жүргізу көзделген.

Туристік сервис сапасын арттыру және инфрақұрылымды цифрландыру бойынша жүйелі жұмыс аясында биылғы маусым айында Қазақстанның барлық өңірлерінде туристің виртуалды картасына сілтемесі бар QR-кодтар орналастырылды, оларда турист үшін қажетті барлық сервистер: такси, е-Sim, пайдалы ақпарат, маршруттар, қалалық көлік және т.б. жинақталған.

Су айдындарында демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзуге рұқсат етілген **700** орын белгіленіп, суға түсуге рұқсат етілген және тыйым салынған орындар туралы ақпарат халық еркін таныса алатындай жарияланды.

Су айдындарының қауіпті учаскелерінде **201** мобильді құтқару бекеті орнатылды.

Республикалық маңызы бар автожолдардың бойында **1446** жол бойындағы сервис объектісі орналасқан, олардың **1309**-ы немесе **90 %**-ы **Ұлттық стандарт талаптарына** сәйкес келеді. 2025 жылы бұл көрсеткіш **100 %-ға жеткізіледі**.

Бірыңғай цифрлық гидтер платформасы құрылды, оған бүгінде **400**-ден астам **гид** тіркелген.

XI. Геология

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 2026 жылдың соңына дейін ел аумағының геологиялық-геофизикалық зерделенуін кемінде 2,2 млн км² жеткізу қажет.

2024 жылы аяқталған жобалар бойынша аумақтың жалпы ауданы (*масштабы 1:200 000*) 104 мың шаршы км құрады, ал 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Геологиялық-геофизикалық зерделеумен қамту» көрсеткіші **2014,4 мың шаршы км-ге жетті**.

2025 жылы жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге республикалық бюджеттен 7,6 млрд теңге бөлінді. 41 объектіде геологиялық зерттеулер жұмыстары жүргізілетін болады. 2025 жылдың соңына қарай зерделену деңгейін 2038,2 мың шаршы км-ге дейін және **2026 жылы – 2203,4 мың шаршы км-ге дейін** жеткізу жоспарланған.

Арқалық, Риддер, Хромтау, Жезқазған, Балқаш моноқалаларының маңындағы 11 учаскеде жерде сирек кездесетін металдарды анықтау перспективасын белгілеу бойынша іздестіру жұмыстары аяқталды. Атап айтқанда, Құйрықтыкөл учаскесінің (Қарағанды облысы) жерде сирек

кездесетін металдар бойынша перспективалы болуына оң баға берілді, өнеркәсіптік игеруге қажетті шикізат мөлшері жеткілікті.

Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу жұмыстарының нәтижесінде қатты пайдалы қазбалар (*жерде сирек кездесетін металдар, түсті және бағалы металдар*) мен көмірсутектер бойынша перспективасы бар 38 учаске белгіленді.

Құйрықтыкөл учаскесіндегі жерде сирек кездесетін металдардың алдын ала есептелген қоры шамамен 800 мың тоннаны құрайды, ал болжамды ресурстары – 935,4 мың тонна, оның ішінде церий мен лантаноидтар бар. Пайдалы компоненттердің болжамды мөлшері жеткілікті деп бағаланды, ал кен орны торабының геологиялық параметрлері учаскенің одан әрі игеру үшін әлеуеті жоғары екенін көрсетіп отыр.

Ел аумағын геологиялық карталауды 1:200 000 масштабынан 1:50 000 масштабына көшіру қазіргі уақыттағы басым міндеттерінің бірі болып табылады, ол Қазақстанның шикізат базасының мұқият зерделенуін және оның орнықтылығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар жер қойнауын пайдаланушылар жүргізген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде биылғы 6 айда қатты пайдалы қазбалардың 5 кен орны (*Көк-Жон (Болаттөбе), Алтын-Шоқы, Сәмембет, Студенттік, Тақыр-Қалжыр*) алғаш рет Қазақстан Республикасы Жер қойнауы қорының мемлекеттік есебіне қойылды, аталған кен орындары бойынша келесі пайдалы қазбалар түрлерінің ресурстары өскені анықталды: алтын – 97 847,14 кг; күміс – 11,91 т; мыс – 36,4 мың т; темір кені – 200,387 мың т; марганец – 11,052 мың т; фосфорит кені – 1 338,32 мың т.

Анықтама: 2024 жылы қатты пайдалы қазбалар бойынша **27**, көмірсутек шикізаты бойынша **10**, жерасты сулары бойынша **23** кен орны мемлекеттік есепке қойылды.

Өсім: алтын – 522 т; күміс – 281 мың т; хром кені – 2 383,1 мың т; уран – 44 мың т; мыс – 800 мың т; фосфорит кені – 82 млн т; мұнай – 277 млн т; газ – 113 млрд м³; конденсат – 1,9 млн т; жерасты сулары – 155,8 мың м³/тәу.

2024 жылы **minerals.e-qazyna.kz** Жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы (ЖҚПБП) ендірілді, онда геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы 22 мемлекеттік қызмет цифрландырылған.

XII. Өңірлерді дамыту

2025 – 2030 жылдарға арналған өңірлік даму тұжырымдамасы (бұдан әрі – *Тұжырымдама*) өңірлерді дамытудың біртұтас әрі интеграцияланған саясатын қалыптастыруға бағытталған.

Аталған Тұжырымдама аясында ауылды дамытудың жаңа тәсілдері қарастырылған, атап айтқанда «Ауыл – Ел бесігі», «Ауыл аманаты» және басқа да бағдарламаларды біріктіріп іске асыру көзделген.

Жаңа тәсіл ауылдарды кешенді дамытуды көздейді: инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, кәсіпкерлікті қолдау, өнімді сақтау, өңдеу, буып-түю және өткізу үшін шағын индустриялық аймақтар құру.

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы

Ауылдық елді мекендердегі (бұдан әрі – АЕМ) әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту шеңберінде 2024 жылы мемлекеттік бюджеттен **177 млрд теңге** бөлінді (РБ – 76,7 млрд теңге, жалпы сипаттағы трансферттер – 100,3 млрд теңге). Нәтижесінде **800-ден** астам АЕМ-де **1,2 мыңға** жуық **жоба** іске асырылды. Бұл 194 ТКШ объектісін, 353 әлеуметтік объектіні және кент ішіндегі жолдардың 699 учаскесін салуға және жөндеуге мүмкіндік берді.

2025 жылға **176,4 млрд теңге** (РБ – 76,4 млрд теңге, жалпы сипаттағы трансферттер – 100 млрд теңге) қарастырылған, бұл **500** АЕМ-де **1 мыңға** жуық **жобаны** жүзеге асыруға мүмкіндік береді (оның ішінде қазіргі уақытта РБ есебінен 13,6 млрд теңге игерілді).

Жоспар бойынша **106** ТКШ объектісі, **279** әлеуметтік объект және **535** көліктік инфрақұрылым объектісі жаңғыртылады.

«Ауыл аманаты» жобасы

«Ауыл аманаты» жобасы (бұдан әрі – Жоба) ауыл тұрғындары мен шағын қалалар тұрғындарының бизнес-жобаларына уәкілетті өкіл (*агент*) арқылы **2,5 %** мөлшерлемемен бизнестің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлері үшін **5 жылға** дейін, ал ауыл шаруашылығы саласындағы жобалар үшін **7 жылға** дейін кредит беруге бағытталған. Қарыздың ең көп сомасы **2,5 мың АЕК**, ал ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін **8 мың АЕК-ке** дейін қарастырылған.

2023 – 2024 жылдары **111,7 млрд теңге** сомасына **16,6** мыңнан астам микрокредит берілді, соның есебінен **18,6** мың жаңа жұмыс орны құрылды.

2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру барысында «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру үшін **2025 жылға 50 млрд теңге** қарастырылған.

Бұдан басқа, қаржыландыру қарыз алушылар қайтарған қаражат (*револьверлік қаражат*) есебінен де жүзеге асырылады.

«Дипломмен ауылға» жобасы

Ауылдық жерлерде кадр тапшылығын шешу үшін 2009 жылдан бері «Дипломмен ауылға» жобасы (*бұдан әрі – Жоба*) іске асырылуда.

Жобаның негізгі мақсаты әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну арқылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дипломды мамандарды, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерін ынталандыру және тұрақтандыру болып табылады.

Анықтама: АЕК-ке жұмысқа және тұруға келген мамандарға **100 АЕК** мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы және аудан орталықтары үшін **2 500 АЕК** мөлшерінде және қалған ауылдық елді мекендер үшін **2 000 АЕК** мөлшерінде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит төлеу түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көзделеді.

Бюджеттік кредиттің шарттары: сыйақы мөлшерлемесі 0,01 % және кредиттеу мерзімі 15 жылға дейін.

Жобаға сәйкес маман әлеуметтік қолдау шараларын алған кезде осы ауылдық жерде кемінде **үш жыл** жұмыс істеуге міндеттеме алады.

2024 жылы 9 177 маман **3,3 млрд теңгеге** көтерме жәрдемақы алды, 3 672 маман **29,3 млрд теңгеге** тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит алды.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында **3,4 млрд теңге** сомасына **426** кредит берілді.

Әлеуметтік қолдау шараларын алған 18 – 35 жас аралығындағы **жастардың үлесі** шамамен **85 %** құрайды.

Моно- және шағын қалаларды дамыту

Моноқалалар мен шағын қалалардағы көліктік және инженерлік инфрақұрылымды жақсарту үшін 2024 жылы республикалық бюджеттен **22,5 млрд теңге** бөлінді, ол **5** моноқала мен **13** шағын қалада

31 жобаны іске асыруға жіберілді. Жыл қорытындысы бойынша **48 км** автожол және **32 км** инженерлік желі жаңғыртылды.

6 моноқала мен **16** шағын қалада **40 жобаны** іске асыруға **2025 жылға 11,3 млрд теңге** көлемінде қаржыландыру көзделген.

XIII. Білім, ғылым

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту

Жыл басынан бері **13,2 мың орындық 172 балабақша** ашылды.

Халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы отбасылардан шыққан балалардың 100 %-ы тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін **5,5 мыңнан** астам консультациялық пункт жұмыс істейді.

«Ақша баланың соңынан жүреді» қағидаты бойынша қаржыландырудың ваучерлік тетігі енгізілуде, пилоттық жобамен **19 қала мен 7 аудан** қамтылды, мектепке дейінгі **4,7 мың** ұйым қатысады, **293 мыңнан** астам ваучер берілді. Балалардың кезектілігі **44 %-ға** төмендеді.

Орта білім

Мектептерді салу және жаңарту

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында **267 мың** орындық **115 мектеп** салынды.

2024 – 2025 жылдары барлығы **388 мың** орындық **274 мектеп**, оның ішінде 2025 жылдың басынан бері 15 мың орындық 17 мектеп, оның ішінде Ұлттық жоба шеңберінде 10 мектеп, ЖБ және бюджеттен тыс көздер есебінен 7 мектеп іске қосылды.

Жыл соңына дейін тағы **177 мектеп** салу жоспарлануда, оның ішінде Ұлттық жоба аясында – 102.

245 мектепті кешенді жаңарту жүргізілуде, бұл 95 мыңнан астам оқушының оқу жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Балаларға арналған қосымша білім

2025 жылы балаларды қосымша біліммен қамту оқушылардың жалпы санының **86,3 %-ынан (3,2 млн бала) 87,2 %-ына (3,4 млн бала)** дейін өсті, оның ішінде тегін үйірмелер мен секциялармен балалардың **62 %-ы (2,4 млн)** қамтылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 %-ға жоғары.

2025 жылы қосымша білім беру ұйымдарының желісі өткен жылмен

салыстырғанда **25 %-ға** өсіп, **2 142 бірлікті** құрады (2023 жылы – 1625 бірлік, 2024 жылы – 1713 бірлік).

Тегін үйірмелер мен секциялардың қолжетімділігі мен ашықтығын арттыру мақсатында 2025 жылдың маусым айынан бастап 6 қалада (Астана, Шымкент, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда) **пилот басталды**. Сабаққа қатысу күн сайын цифрлық форматта тіркеледі, ал бірыңғай платформа процестерді автоматтандыруды **қамтамасыз етеді**.

Балалардың демалысы мен оларды сауықтыру

2025 жылы балаларды сауықтыру және еңбекпен қамту өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда **200 мың** балаға – **3,2-ден 3,4** млн балаға дейін өсті.

Мектеп жанында **10043** лагерь және қала сыртындағы **222** балалар сауықтыру орталығы жұмыс істейді.

2027 жылға дейін осындай **50** орталық құрылады, оның 5-еуі ашылды, 2025 жылдың соңына дейін тағы **27** орталықты ашу жоспарлануда.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап **білім беру-сауықтыру қызметтерін лицензиялау енгізіледі**.

Тамақтандыру

2025 жылы **1,7 млн** мектеп оқушысы, олардың ішінде әлеуметтік осал топтар санатындағы 1,7 млн-нан астам бастауыш сынып оқушысы және 340 мыңнан астам 5-11 сынып оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Осы мақсатқа шамамен **192 млрд теңге** бөлінді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда әлеуметтік осал топтар санатындағы **99056** тәрбиеленуші тамақпен қамтамасыз етілді, бұл мақсатқа **18,4 млрд теңге** бөлінді.

2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап **білім беру ұйымдарында тамақтандыру стандарты ендіріледі**, онда көкөніс пен жеміс тұтынуды арттыруды, тұз, қант және май мөлшерін азайтуды, сондай-ақ табиғи емес өнімдерді (*шұжық өнімдері, қақталған тағамдар, құрамында қосылған қанты бар шырындар*) алып тастау көзделген.

Балаларды тамақтандыруға, орналастыруға, медициналық көмек көрсетуге, білім беруге, тәрбиелеу мен сауықтыруға мемлекеттік бюджеттен қаржы алатын субъектілерді **«кенеттен» тексеру** қағидаты бойынша **ерекше бақылау мен қадағалау** ендіріледі.

Балалардың құқықтарын қорғау

Өңірлерде балалар мен ата-аналарға көмек пен шұғыл консультация беруді қамтамасыз ететін **балаларды психологиялық қолдаудың** 20 орталығы жұмыс істейді. 2025 жылдың 1-ші жартыжылдығында ПҚО **2 мыңнан астам жеке консультация** өткізді.

Әр мектепте отбасы, әйел құқықтарын қорғау мәселелері бойынша **«111»** байланыс орталығының **QR-кодтары** орналастырылған. Жыл басынан бері **87 036 балаға** көмек көрсетілді.

2025 жылғы 1 шілдеден бастап отбасына орналастырудың жаңа нысаны – **баланы қабылдайтын кәсіби отбасы** ендірілді (*әр балаға 10 АЕК мөлшерінде жәрдемақы, әрбір тәрбиешінің қызметтеріне ақы төлеу – 70 АЕК*), **жергілікті бюджеттен 1,5 млрд теңге** көзделген.

Балалардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мақсатында қорғаншылық органдары мамандарының штат санының нормативі **5 мың балаға кемінде бір маман** арақатынасында енгізілді, ол 1 жыл ішінде мамандар санын 3 есеге – 303-тен 900 адамға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды, ол Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50 %-ын балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың жинақтаушы шоттарына аударуды көздейді, оны мерзімінен бұрын алуға болмайды, кейіннен қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға және білім беру ақысын төлеуге пайдалану мүмкіндігі беріледі.

2024 жылы Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған 6919131 азаматының әрқайсысына 100,52 АҚШ долларынан есептелген.

2025 жылы Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған 6921035 азаматының әрқайсысына 129,38 АҚШ долларынан есептелген.

Барлығы 2 жылдың ішінде әрбір балаға 232,94 АҚШ доллары (*3,04 АҚШ доллары мөлшеріндегі инвестициялық кірісті ескере отырып*) есептелді.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім беру ақысын төлеуге **141 189 өтінім берілді**, оның ішінде жалпы сомасы **14 857,3 мың АҚШ долларына 117 495 өтінім орындалды:**

- тұрғын үй жағдайларын жақсартуға **79 739 өтінім берілді**, оның ішінде **71 488 өтінім орындалып, 9 200,7 мың АҚШ доллары** төленді;

- білім беру ақысын төлеуге **61 450** өтінім берілді, оның ішінде **46 007** өтінім орындалып, **5 656,6** мың АҚШ доллары төленді.

Техникалық және кәсіптік білім беру

2024 – 2025 оқу жылында колледждерде мемлекеттік тапсырыс **10 мың орынға** ұлғайтылып, 374 мың орынды құрады, бұл студенттердің **68 %-ын** қамтуға мүмкіндік берді.

2025 жылы 9-сынып базасында білім алушылардың 100 %-ы **тегін ТЖКБ-мен** қамтылатын болады.

Бір студентке жан басына шаққандағы қаржыландыру 2024 жылғы **437 мың теңгеден** 2025 жылы **913 мың теңгеге дейін 2 есе артты**.

4 мыңнан астам кәсіпорын 622 колледжге қамқорлық жасайды.

Студенттер стипендиясының мөлшері **2 есе** өсті (2022 жылмен салыстырғанда) және орта буын мамандықтары бойынша **41 896 теңгені**, жұмысшы біліктіліктері бойынша **43 574 теңгені** құрайды.

Жұмысшы мамандықтарының жылы шеңберінде 2025 жылдың басынан бері **74 колледждің** материалдық-техникалық базасы жаңартылды, академиялық ұтқырлық, қос диплом және т.б. мәселелер бойынша **Қытай, Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Нидерланды, Канада** мен **Сингапурдың** шетелдік колледждерімен **7 келісім** жасалды.

2024 жылы **18 мыңнан** астам кәсіпорынның қатысуымен **552 колледжде** дуальды оқытумен қамту 90 мыңнан **108 мың** студентке дейін ұлғайтылды (немесе 2025 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылардың 28,9 %-ы). 2025 жылдың соңына дейін қамтуды **35 %-ға** дейін немесе **130 мың** адамға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Отбасы банкінің «**Наурыз Жұмыскер**» бағдарламасы аясында **72 млрд теңге** сомасына **2 671 өтінім тіркелді** (өнеркәсіп және құрылыс қызметкерлерінің 60 %-ы, энергетика – 20 %-ы, көлік – 14%-ы және т.б.). **36,8 млрд теңгеге 1 536 қарыз берілді**.

Жоғары білім

Қолжетімділікті қамтамасыз ету

2025 – 2026 оқу жылына **93 232** білім беру гранты бөлінді, оның ішінде бакалавриатқа – **77 084** грант, магистратураға – **13 229** және докторантураға – **2 919**.

Мемлекеттің (бір реттік бастапқы капитал – 60 АЕК), қорлар, ата-аналар мен банктердің қатысуымен 5 жастан бастап білім беру капиталын қалыптастыруға арналған «**Келешек**» бірыңғай жинақтау жүйесі ендірілді.

Жиналған қаражат есебінен жоғары білім алуға немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға болады. Қазіргі таңда **126 мыңға** жуық салым ашылған.

Стипендия мөлшері **екі есеге** артып (2020 жылмен салыстырғанда), **52 372** теңгені (педагогикалық мамандықтарда – 84 000 теңге) құрады (2020 ж. – 26 186 теңге, 2024 ж. – 47 135 теңге).

Студенттер жатақханалары

2025 жылы **10 мыңнан астам** орындық **23** жатақхананы пайдалануға беру жоспарланған, жыл басынан бері **2 976** орындық **3** жатақхана пайдалануға берілді, тағы **16** жатақхананың дайындық деңгейі 60-90 % аралығында.

Жалпы 2018 жылдан бері тапшылық **72,5 %-ға** қысқарды (немесе 2025 жылы 61,4 мыңнан 16,9 мың орынға).

Халықаралық білім беру кеңістігіне интеграция

Жыл басынан бері Ұлыбритания, АҚШ, Италия, Оңтүстік Корея және Ресей Федерациясы елдерінің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының **10** филиалын ашу жұмыстары жүргізілуде (бүгінгі күні **24** филиал жұмыс істейді, 2025 жылғы қыркүйекте жалпы саны **34** филиалды құрайтын болады).

Ресей Федерациясында **әл-Фараби** атындағы **ҚазҰУ-дың** филиалы ашылды.

3 қазақстандық жоғары оқу орны QS World University Rankings (WUR) 2026 рейтингінде жоғары орындарға ие болды (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (166-орын), Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (317-орын), Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ (Satbayev University) (331-орын).

20 жоғары оқу орнында **жасанды интеллект саласында** мамандар даярлануда. **AI-Sana** бағдарламасы ендірілді, бағдарлама аясында **360** мыңнан астам студент жасанды интеллект және кәсіпкерлік саласында оқытылды.

Ғылым

Ғылымды коммерцияландыру

Satbayev University Металлургия институтының технологиясы бойынша «Қазақмыс Прогресс» ЖШС-де **алғаш рет** вакуумдық дистилляция әдісімен СТ-1 маркалы **техникалық селен алынды**. Өнімнің тазалық деңгейі **99,5 %-ға** жетіп, селеннің қосылған құнын **30 %-дан 97 %-ға** дейін арттырды.

100 тоннадан тұратын алғашқы экспорттық партия халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және түсті металлургияның жаһандық нарығында **жаңа мүмкіндіктер ашады.**

Назарбаев Университетінің ғалымдары литий-ионды аккумуляторлар үшін отандық шикізаттан **катодты материалдар прекурсорларын өндіру технологиясын** әзірлеп шығарды. Өндірістің әлеуетті көлемі **40 млрд АҚШ долларына** бағаланып отыр. Бұл шешім аккумулятордың құрамдас бөліктерін жеткізудің жаһандық тізбегінде **Қазақстанның негізгі ойыншыға** айналуына жол ашады.

Сілтісіздендіру бойынша шешімдер әзірлеу мақсатында «Казгидромедь» ЖШС жанынан «Қазақмыс» компаниясының R&D орталығы іске қосылды.

Аризона университетінің, Қозыбаев университетінің ғалымдары «ҚазМұнайГаз» АҚ-мен бірге **күкіртті** қосылған құны жоғары және экспорттық әлеуеті бар жаңа материалдарға **қайта өңдеу** бойынша жұмыс жүргізуде.

2025 жылы ғылыми жобаларды коммерцияландыру бойынша **жаңа 60** шарт жасалып, жалпы **267** жоба іске асырылу сатысында.

Ғылыми жобаларға жеке инвестициялар көлемі бүгінде **20,4 млрд теңгеге** жетті, алдағы уақытта тағы **8,8 млрд теңге** тарту жоспарланып отыр. Жобалардың аяқталуына қарай жеке қоса қаржыландыру үлесі **32 %-ға** дейін өседі.

ҒЗТКЖ-ны жер қойнауын пайдаланушылардың бюджет арқылы **аударымдарын орталықтандыру** есебінен қаржыландыру тетігі ендірілуде.

XIV. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау

Зейнетақымен қамсыздандыру

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша зейнеткерлер саны **2 489 111** адамды құрады.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап сайынғы индексациялау шеңберінде ынтымақты зейнетақы мөлшері **8,5 %-ға** индекстелді (*инфляция деңгейінен 2 %-ға оза отырып*).

Базалық зейнетақы мөлшерін біртіндеп ұлғайту жалғасуда. 2025 жылы жиынтық зейнетақының ең төмен мөлшері (*ынтымақты және базалық*) **95 131** теңгені, ал ең жоғары мөлшері **213 046 теңгені** құрады.

Ұлғайту нәтижесінде 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша

жиынтық зейнетақының орташа мөлшері **180 003** теңгені құрады.

2025 жылы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға 4,2 трлн теңге жоспарланған.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы **22,9 трлн** теңгені құрады.

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша үй жағдайларын жақсартуға немесе стоматологиялық қызметтерге ақы төлеу құқығымен 66 мың зейнеткер жалпы сомасы 128 млрд теңгені пайдаланды.

2025 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша жұмыс істейтін халықтың **67,0 %-ы** жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері 6,5 %-ға өсті.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтері 929,1 млрд теңгені құрады. 1 019,2 мың адам шамамен 492,4 млрд теңге сомасына төлемдер алды.

Ана мен баланы әлеуметтік қолдау

2025 жылдың басынан бері балалы отбасыларға берілетін жәрдемақы мөлшері 6,5 %-ға ұлғайтылды.

Оларды төлеуге 2025 жылы республикалық бюджет қаражатынан 870,7 млрд теңге бөлінді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 16,8 %-ға артық.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 1,2 млн адам жәрдемақы алды, оның ішінде:

- бала тууға байланысты берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы – 30,6 млрд теңге сомасына;

- бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы – 21,7 млрд теңге сомасына;

- наградталған («Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр ана» атағын алған, «Ана даңқы» ордендерімен) көп балалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы – 39,0 млрд теңге сомасына;

- төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы – 265,8 млрд теңге сомасына;

- мүгедектігі бар баланы асырап алушыға, қорғаншыға тағайындалатын жәрдемақы – 51,1 млрд теңге.

Халықтың аз қамтылған топтарын әлеуметтік қолдау

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 16,2 млрд теңге сомасына 245,7 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыспен қамтудың белсенді шараларына еңбекке қабілетті, атаулы әлеуметтік көмекті алатын 7 мың алушы тартылды.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау

2025 жылы мүгедектік бойынша жәрдемақы 6,5 %-ға артты. Әлеуметтік қорғаумен мүгедектігі бар 743,9 мың адам қамтылды.

2025 жылы мүгедектік бойынша жәрдемақыларға 525,5 млрд теңге жоспарланған.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 541,7 мың адам 42,4 млрд теңге сомасына мүгедектігі бойынша жәрдемақы алады, жәрдемақының орташа мөлшері – 78 329 теңге.

2025 – 2 030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы қабылданды. Жыл сайын әлеуметтік-көлік инфрақұрылым объектілерін бейімдеу жүргізілуде. Бүгінгі таңда 42 859 объектінің 23 368 немесе 55 %-ы толықтай бейімделген.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді лицензиялау енгізілді. Республикада арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 577 ұйым бар, оның ішінде 9 162 адамды қамтитын үкіметтік емес ұйымдар – 140.

Еліміздің 12 өңірінде мүгедектігі бар адамдарға арналған әлеуметтік оңалту орталықтарын салу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар аутизмі бар балаларға арналған күндіз болу орталықтары да ашылуда. 2025 жылғы 1 шілдеге орталықтар 7 қалада (*Шымкент, Павлодар, Өскемен, Талдықорған, Тараз, Қостанай және Ақтөбе*) жұмыс істейді.

Әлеуметтік қолдау жүйесінің цифрлық трансформациясы

Мемлекеттік қолдау шараларының атаулылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында әлеуметтік қолдау жүйесін цифрлық

трансформациялау жүргізілуде.

Санаттылық қағидатынан мұқтаждық өлшемшарттарына көшу арқылы мемлекеттік қолдау шараларының **бірыңғай цифрлық платформасы** енгізілді.

Скорингтік жүйе отбасыларды 6 санатқа – аса мұқтаждар санатынан (*азық-түлікке қаражаты жоқ*) әл-ауқаты жоғары (*материалдық қиындықтары жоқ*) санатқа дейін бөледі. Пилоттық жоба Шымкент қаласында және Қарағанды облысында өткізілуде.

Негізгі мақсат – ресурстарды шынымен мұқтаж адамдардың пайдасына қайта бөлу.

Еңбекақы төлеу, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

2025 жылғы 1-тоқсанға орташа айлық номиналды жалақы 423 133 теңгені құрады және 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10,7 %-ға өсті. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Оны арттыру 1,8 млн жалдамалы жұмыскердің табысына оң әсерін тигізді. Медиандық жалақы мен еңбек өнімділігі көрсеткіштерін пайдалана отырып, ең төмен жалақы мөлшерін айқындаудың жаңа әдістемесі бекітілді.

2025 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 600 мың азаматтық қызметшінің жалақысы 100 %-ға өсті (*бухгалтер, экономист, заңгер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер, кадр жөніндегі инспектор – 166 мың теңге; жүргізуші, электрші – 115,6 мың теңге; аула сыпырушы, күзетші (вахташы) - 109,4 мың теңге*).

Еңбек нарығындағы жағдай

2025 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша жұмыспен қамтылғандар саны 9,2 млн адамды құрады, жұмыссыздық деңгейі – 4,6 %.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ресми түрде 334,7 мың адам жұмыссыз ретінде тіркелді.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 250,1 мың адам жұмысқа орналастырылды.

Оқыту түріндегі қосымша жұмыспен қамту шараларымен 282 мың адам қамтылды.

Әлеуметтік әріптестік

17 салалық және 200-ден астам өңірлік келісім, 169,2 мыңға жуық ұжымдық шарт қолданылады. Ірі және орташа кәсіпорындар арасында жасалған ұжымдық шарттардың саны 98,5 %-ды құрады.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша әлеуметтік әріптестік жөніндегі 47 облыстық және 644 (қалалық) аудандық комиссиялардың отырысы өткізілді, онда тәуекел аймағындағы кәсіпорындардағы ахуал қаралды.

Арнаулы әлеуметтік төлем

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын арттыру жөніндегі шаралар көзделген.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша арнаулы әлеуметтік төлем 17 488 алушыға тағайындалды.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша еліміздің кәсіпорындарында 584 адам зардап шекті немесе 2024 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 16,6 %-ға аз.

Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы бекітілді.

Еліміздің 3 262 кәсіпорны еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стандарттарын ендірді. Өндірістік жарақаттардың алдын алу бойынша 18 530 өндірістік кеңес құрылды.

XV. Денсаулық сақтау

2025 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша аналар өлімінің көрсеткіші 2024 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда **9,7 %-ға** төмендеп, 100 мың тірі туылған балаға шаққанда 12,0-ден (2024 ж 6 ай. - 22 жағдай) 10,8-ге азайды (2025 ж. 6 ай - 18 жағдай).

Сондай-ақ нәрестелер өлімінің көрсеткіші **26,3 %-ға** (2025 ж. 5 ай – 1000 тірі туылғанға 5,94, 2024 ж. 5 ай - 8,06), жарақат пен уланудан болатын өлім-жітім көрсеткіші **11,17 %-ға** (2024ж. 5 ай - 49,06; 2025ж. 5 ай - 43,58) төмендеді.

Кадрлық қамтамасыз ету

2025 жылы медициналық жоғары оқу орындарын **11626** маман тәмамдады (2024 жылы – 10570), оның үштен екісі өңірлік бөлу бойынша медициналық ұйымдарға жұмысқа орналасатын болады.

2025 жылы өңірлердің өтінімдері мен сұранысын ескере отырып, **5 мыңнан** астам білім беру гранты бөлінді.

Арнаулы балалар мамандарының тапшылығын жою үшін резидентурада **14 жаңа мамандық** ашылды (балалар кардиологиясы, эндокринология, гастроэнтерология, жақ-бет хирургиясы және т.б.).

Анықтама: 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша денсаулық сақтау саласының 275 мыңға жуық маманы жұмыс істейді, оның 83 мыңнан астамы – дәрігерлер, ал 191 мыңға жуығы – орта медициналық персонал. 2023 жылмен салыстырғанда дәрігерлердің тапшылығы **20 %-ға**, ал орта медициналық қызметкерлердің тапшылығы **7 %-ға** қысқарды. Қазақстанда дәрігерлермен және орта медициналық персоналмен қамтамасыз ету ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткіштерінен асып түседі.

Өңірлерге мамандарды тарту үшін **мемлекеттік қолдау шаралары** іске асырылуда: **кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру** жүйесі, 186 мыңнан астам маман сақтандырылған. 5 жылдан астам мерзімге ауылға жұмысқа шығатын тапшы мамандықтар бойынша 254 дәрігер жалпы сомасы **2,1 млрд теңгеден** астам сомаға 100 ЕТЖ (8,5 млн теңге) мөлшерінде біржолғы жәрдемақы алды.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

Дәрілік заттарға баға белгілеудің ашықтығын арттыру мақсатында **шекті бағаларды қалыптастыру тетігі қайта қаралды**: артық шығыстар алып тасталды, генериктердің шекті бағасы бастапқы препараттар құнының 30 %-ына дейін төмендетілді.

Тек ТОП-20 шығыны көп препараттар бойынша **болжамды үнемдеу** шамамен **18 млрд теңгені** құрайды. Жалпы ТМККК және МӘМС жүйесі шеңберінде шекті бағалардың **19 %-ға**, көтерме және бөлшек сауда сегменттерінде **30 %-ға** дейін төмендеуі күтілуде (ерекше және жоғары технологиялық препараттарды қоспағанда, дәрілердің 90 %-дан астамы).

«Бірыңғай терезе» қағидаты бойынша **дәрілік заттарды тіркеу мерзімі 100 жұмыс күніне дейін қысқартылды**, реттеушілік беделі жоғары елдер (АҚШ, Еуропалық Одақ елдері, Ұлыбритания, Жапония) үшін **15 жұмыс күнінен** аспайтын мерзімге жеделдетілген тіркеу енгізілді.

Отандық фармацевтикалық өндіріс

Отандық өндірістегі дәрі-дәрмектердің үлесін **2029 жылы 50 %-ға** дейін жеткізу бойынша шаралар қабылдануда.

207 қазақстандық тауар өндіруші қызметін жүзеге асырады (2023

жылы – 193), оның 43-і дәрілік заттар шығарады.

Анықтама: былтыр фармацевтикалық өнім көлемі 22 %-ға ұлғайып, 171,6 млрд теңгені құрады, тартылған инвестициялар көлемі 2 есеге (46,9-дан 91,3 млн АҚШ доллары) ұлғайды. 2024 жылы экспорт көлемі 32,9 %-ға артып, 52,1 млн АҚШ долларын құрады.

34 қазақстандық тауар өндірушімен 10 жылға дейінгі мерзімге **151,4 млрд теңге** сомасына 2 466 фармацевтикалық өнім атауын шығаруға **90** ұзақмерзімді шарт, сондай-ақ Pfizer (АҚШ), Hoffmann-La Roche (Швейцария), AstraZeneca AB (Ұлыбритания (британ-швед)) компаниясымен **6** түпнұсқа дәрілік затты жеткізуге **3** ұзақмерзімді келісімшарттық өндіріс шарттары жасалды.

Жаңа тетіктер ендірілуде – бірқатар преференциялары бар **инвестициялар туралы келісімдер**.

Индустриялық және арнайы экономикалық аймақтар шеңберінде **дәрілік заттарды өндірушілер үшін ерекше жағдайлар қолданылады**.

Бүгінгі таңда **653 млн доллар** сомасына **7** инвестициялық жоба қаралуда.

Жалпы Қазақстанның фармацевтикалық нарығы көлемінің жыл сайынғы өсімі **10-13 %-ды** құрайды.

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту

Жыл басынан бері барлығы **104,6 млрд теңге**, оның ішінде **40 млрд теңге** жеке инвестиция тартылды, бұл ұқсас кезеңмен салыстырғанда 12 %-ға артық (2024 жыл: 93 млрд теңге, оның ішінде жеке инвестициялар 54,4 млрд теңге).

Ағымдағы жылдың соңына дейін Риддер қаласындағы көпсалалы аурухана мен Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы гематология орталығының, Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы жедел жәрдем станциясының **құрылысын аяқтау жоспарлануда**.

Анықтама: соңғы үш жылда 633 денсаулық сақтау объектісі салынды. Олардың ішінде ірі объектілер: Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық (бірінші іске қосу кешені), Астана қаласында 200 төсектік Ұлттық жедел медицина үйлестіру орталығы және Алматы қаласында 350 төсектік Ұлттық жұқпалы аурулар ғылыми орталығы бар.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы

Ағымдағы жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жоспарланған 655 объектінің ішінде **508 объектінің құрылысы** аяқталды, оның ішінде 2025 жылы **48 МСАК объектісінің құрылысы** аяқталды. Ағымдағы

жылдың соңына дейін тағы **147 МСАК объектісін** аяқтау жоспарлануда.

Денсаулық сақтауды цифрландыру

Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйе құру жұмыстары жалғасуда.

Барлық медициналық ұйымдарда пациенттерді цифрлық сәйкестендіру бойынша **«Цифрлық құжат» және Face ID** жобасы іске қосылды.

Есеп айырысу мен төлемнің ашық және әділ жүйесін құру мақсатында барлық өңірлерде **«Медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі»** жобасы енгізілді.

Медициналық анықтамаларды **электрондық форматқа** көшіру жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру дәрежесі 87,3 %-ды құрайды.

Дәрігерлердің қауіпсіздігін арттыру үшін Астана мен Алматыда жедел жәрдем қызметкерлері үшін бейнежетондарды енгізу бойынша пилот іске қосылды.

Барлық медициналық деректерді шоғырландыру үшін **медициналық деректерді бірыңғай сақтау орны** құрылады.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай

2025 жылдың 6 айында көптеген жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық **жағдай тұрақты. 24 жұқпалы ауру** бойынша жағдайлар тіркелмеген, оның ішінде: оба, тырысқақ, дифтерия, полиомиелит, іш сүзегі, паратиф.

31 инфекция бойынша сырқаттанудың төмендеуіне қол жеткізілді, оның ішінде қызылша – 12,1 есе, көкжөтел – 6,8 есе, коронавирустық инфекция – 2,1 есе, А вирустық гепатиті – 2,4 есе, аскаридоз – 20 %, лямблиоз – 30 %.

Ағымдағы кезеңде қызылшаға қарсы **277,6 мың бала**, көкжөтелге қарсы **396,2 мың бала** екпе алды, қамту ұсынылған көрсеткіштер шегінде іске асырылды.

XVI. Спорт

Спорт саласындағы заңнаманы жетілдіру

2025 жылғы 16 маусымнан бастап бюджет қаражаты есебінен шетелдік легионерлерді қаржыландыруға тыйым салу, Олимпиада, Паралимпиада, Азия ойындары мен Ұлттық ойындардың нәтижелері бойынша басымдықпен қаржыландыру, мүгедектігі бар спортшыларды қолдау және спорттық даярлықтың ұлттық стандарттарын енгізу бойынша түзетулер күшіне енді.

Қазіргі уақытта елімізде халықтың 41,4 %-ы дене шынықтырумен және спортпен шұғылданады (8,4 млн-нан астам адам). 2025 жылдың соңына дейін бұл қамту **42 %-ға дейін** ұлғайтылады.

Балалар мен жасөспірімдер үлесі 30,4 %-ға жетті (республикада 4-17 жастағы балалар мен жасөспірімдердің жалпы саны 5 121 058 адамды құрайды).

Бүгінгі таңда 4 жастан 17 жасқа дейінгі 240 мыңнан астам бала **7 мыңнан астам спорт секциясына** тегін барады, оған **50 млрд теңге** бөлінді.

Бұдан басқа, 521 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі және 400 мыңнан астам бала айналысатын мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептері бар.

Бүгінгі таңда спорттық құрылысжайлардың жалпы саны 25,7 мыңды құрады және халықты спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 1000 адамға шаққанда **55,1 %-ды** құрайды. 2025 жылы бұл көрсеткіш **56 %-ға** жетеді.

2024 жылы 90 спорт объектісі салынды, оның ішінде ауылдарда – 61, аудандық маңызы бар қалаларда – 29.

2025 жылдың соңына дейін Астана қаласында Ұлттық спорт университетінің құрылысы аяқталады.

XVII. Мәдениет, креативті индустрияны дамыту, жастар саясаты

Креативті индустрияны дамыту

16 креативті орталық ашылды, салықтық **жеңілдіктер** қолданылуда. Білім беру бағдарламалары, акселераторлар және халықаралық тағылымдамалар іске қосылды.

Осы шаралардың арқасында Қазақстан креативті тауарлар мен

көрсетілетін қызметтер бойынша **WIPO** (*World Intellectual Property Organization/Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы*) рейтингінде **93-тен 65-позицияға**, фильм шығару бойынша **60-тан 31-позицияға** көтерілді.

Биылғы 1 тамыздан бастап **Креативті индустрияларды қолдау қоры негізгі 4 бағыт** бойынша өз жұмысын бастайды: таланттарды іздеу (*жобаларды акселерациялау және инкубациялау*), жобалардың девелопменті (*жобаларды іске асыру үшін әлеуетті инвесторларды іздеу және тарту*), инфрақұрылымды дамыту, экспортқа жәрдемдесу (*қазақстандық креативті өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді халықаралық нарықтарда ілгерілету*).

Бір жылда **креативті индустрия субъектілерінің саны 15 %-ға немесе 6 033 бірлікке өсті** және бүгінгі күні **45 597** субъектіні құрайды.

2029 жылға қарай креативті индустриялардың үлесін **жалпы ішкі өнімнің 2 %-ына дейін** (*2024 ж. – 1 %*), креативті өнімдер мен көрсетілетін қызметтер экспортын **115 млн АҚШ долларына дейін** (*2024 ж. – 96 млн АҚШ доллары*), кәсіпкерлік субъектілерінің санын **60 мың бірлікке дейін** (*2024 ж. – 45,5 мың бірлік*), сондай-ақ осы салада жұмыспен қамтылғандар санын **180 мың адамға дейін** (*2024 ж. – 143,6 мың адам*) жеткізу жоспарлануда.

Мәдениет

Еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулеттік мұрасы ретіндегі мәртебесін бекітетін «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заң қабылданды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 23 сәуірде «**Ұлттық кітап күні**» атты жаңа мереке алғаш енгізілді.

2025 жылы **118** атауда кітап шығару жоспарлануда, олар жыл соңына дейін кітапхана қорына беріледі.

Жыл басынан бері **6 ұлттық фильм** (*көркем және анимациялық фильмдер*) кең кинопрокатқа шығарылды, ал жыл соңына дейін тағы **10 фильмді** прокатқа шығару жоспарланып отыр.

«Беташар» ұлттық дәстүрі ЮНЕСКО-ның репрезентативті тізіміне енгізілді.

Жастар саясаты және волонтерлік

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жастар саны 5,7 миллион адамды құрады.

Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында «Наурыз» және «Отау» жеңілдікті тұрғын үй бағдарламалары іске асырылуда, бұл мақсатқа 219,8 млрд теңге бөлінді. Нәтижесінде 5,4 мың жас тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Жұмысшы жастарды қолдау үшін «Отбасы банк» АҚ жеңілдетілген пайыздық мөлшерлеменен жаңа банк өнімі – «Наурыз жұмыскер» бағдарламасын әзірледі.

18 өңірде жас мамандар үшін жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар іске асырылуда.

Жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту мақсатында Астана қаласында «Joi Tar», Алматы қаласында, Ақтөбе және Қарағанды облыстарында «Jumys Tar» бағдарламалары іске асырылуда.

2025 жылы 6 бағыт бойынша жастарға арналған арнайы гранттық жобалар іске қосылды (*лудомания мен нашақорлықтың профилактикасы, жастардың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру және т.б.*), бұл жобаларға 720 млн теңге бөлінді (*2025 – 2027 жылдарға*).

Өңірлерде жастардың бизнес-бастамаларын іске асыру үшін жастар бастамалары орталықтары жұмыс істейді, даму институттары (*«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, «Ауыл аманаты» жобасы және т.б.*) арқылы микрокредит беруге қаражат бөлінуде.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша елімізде 23 193 ҮЕҰ тіркелген.

Волонтерлердің Ұлттық фронт-офисі мен өңірлік 20 фронт-офисі белсенді жұмыс істеп тұр. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында негізгі басым бағыттар бойынша 2 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды.

XVIII. Құқықтық тәртіп және қауіпсіздік

Қоғамда Заң және Тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдама бекітілді.

Полицияға құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге жәрдемдесуде жергілікті қоғамдастықтың рөлі артып келеді (*ақсақалдар, беделді ауыл тұрғындары, шаруа қожалықтары басшылары*).

Еліміздің 370 елді мекенінің спирттік ішімдіктерді тұтынудан бас тартуы жақсы үлгі болып табылады. Нәтижесінде осы ауылдарда қылмысқа жол жоқ.

Интернет-алаяқтыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру үшін ұялы байланыс операторларымен бірге уақытша нөмірлерден түсетін халықаралық қоңырауларға техникалық тосқауыл қойылды. Байланыс операторларының дерекқорларын біріктіру басталғаннан бері (*2022 жылғы*

қараша) 67 млн астам қоңырау бұғатталды, sim-бокстарды анықтау ұйымдастырылды (74 бірлік және 89 мың sim-карта).

Мұндай қоңырауларға жауап беруден қорғауды айналып өтудің жаңа тәсілдерін анықтау және уақтылы әрекет ету үшін құқық қорғау органдары мен байланыс операторларының («Кар-тел», «Кселл», «Теле-2», «Қазақтелеком» АҚ, «Транселеком») арасында Фрод-қоңырауларға қарсы іс-қимыл бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандум бар.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жаңа жоспарының жобасы әзірленуде.

Биылғы қаңтар айында ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі арнайы бөлімше құрылды, олар осы мәселемен жан-жақты айналысады.

Құқық бұзушылық профилактикасы саласында жаңа заң жобасы әзірленіп, Парламент Мәжілісіне енгізілді.

Жобада құқық бұзушылықтар профилактикасы шараларын қолдану мәселелері реттелген, бұл шаралар заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыруға, құқық бұзушылыққа оған түрткі болатын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған, сондай-ақ құқық бұзушылықтар профилактикасы саласында азаматтардың атсалысу тәртібі айқындалды, бұл олардың жергілікті қоғамдастықтағы құқық бұзушылыққа шын мәнінде ықпал етуіне және өздерінің азаматтық ұстанымдарын белсенді пайдалануына мүмкіндік береді.

Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша қабылданған Заңды іске асыру қамтамасыз етілуде. Денсаулыққа жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу бойынша 2 477 фактіні тергеу жүргізілуде.

Есепті кезеңде құтқару бөлімшелері **48 мыңнан** астам шақыртуға жедел барды, **9 мыңнан** астам адамды құтқарды және уақтылы медициналық көмек көрсетті.

Төтенше жағдайлардың салдарынан болатын адам өлімі **12,9 %-ға** азайып, өрттен келген шығын **6,2 есе қысқарды** (19,9 млрд теңгеден 3,1 млрд теңгеге дейін).

Қазіргі уақытта өрт шығу жағдайларына тәулік бойы мониторинг жүргізіледі.

Табиғи өрт шыққан жағдайда жедел әрекет ету үшін «Ертіс орманы», «Бурабай», «Семей орманы», «Медеу» орман шаруашылықтарының,

сондай-ақ Қостанай облысының бейнебақылау жүйелері **ТЖМ-ның Дағдарыс орталығына қосылған.**

Елді мекендерді қамту аясын ұлғайту үшін жыл басынан бері **7** өрт сөндіру депосы пайдалануға берілді (*ТЖМ-да барлығы 440 өрт сөндіру бөлімшесі бар*). Әкімдіктер еліміздің 11 өңірінде заманауи **26** өрт сөндіру бекетін құрды (*750 бекет*).

ТЖМ материалдық-техникалық базасын жаңарту жалғасуда. Биыл **2** ұшақ пен **5** тікұшақ сатып алынды, жыл соңына дейін тағы **2** ұшақ пен **1** тікұшақ алу жоспарда бар, сонымен қатар арнайы техника мен құтқару техникасының **106** бірлігі және **22** пилотсыз ұшу аппараты сатып алынатын болады.

Сейсмологиялық зерттеулердің ғылыми базасын дамыту мақсатында 2025 жылғы маусымда Алматы қаласында Қазақстан-Қытай сейсмология орталығын құру жөнінде үшжақты меморандумға қол қойылды.

Мұнайдың төгілген жағдайда уақтылы әрекет ету үшін «Теңіз Жасағы» бөлімшесі құрылды.

Өнеркәсіп объектілеріне мониторинг жүргізуге арналған ақпараттық шешімдер ендірілуде. Қарағанды облысындағы Qarmet кәсіпорнының базасында цифрлық жүйелердің көмір өнеркәсібі объектілерімен пилоттық интеграциясы басталды.

Азаматтық қорғау саласындағы заңға түзетулер енгізілді, бұл түзетулерде өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздік шараларын күшейту, өрттен сақтандыру тетігін ендіру, азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәселелерін шешу мәселелері қамтылған.

Елдің қорғаныс қабілетін нығайту мақсатында аумақтық қорғаныс және резервтегі қызмет туралы заңдар қабылданды.

Голан биіктігі миссиясында алғашқы дербес бітімгершілік контингенті өрістетілді (*139 адам, миссияның штабында 4 офицер және 26 бірл. техника*).

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңды іске асыруда мерзімді қызмет өткеріп келген сарбаздардың елдің ЖОО-ларында тегін білім алуы үшін 6000 сертификат берілді (*оның ішінде Қарулы Күштер үшін – 3038*).

2023 – 2024 жылдары 2468 сарбазға (*2023 ж. – 1195 адам, 2024 ж. – 1273 адам*) экономикада қажетті азаматтық мамандар бойынша біліктілік алғанын растайтын сертификаттар берілді.

10 мыңнан астам сарбазға жалпы сомасы 4 млрд-қа жуық (*15 мың қарыз бойынша*) кредиттік демалыс берілді.

Ұлт қаһарманы Әлия Молдағұлованың жүз жылдық мерейтойына орай Ақтөбе қаласында Мемлекет басшысының қатысуымен «Айбын» жыл сайынғы жастар жиыны өткізілді. Қатысушылардың, оның ішінде Әзербайжаннан, Беларусьтан, Қырғызстаннан, Ресейден және Өзбекстаннан келгендердің жалпы саны 900-ден адамнан асты.

Басқару процестері мен мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыру шеңберінде запастағы азаматтарды *(16 – 60 жас аралығындағы)* электрондық есепке алу бойынша SMART Военкомат ақпараттық жүйесі құрылды.

Әлуетті блок үшін еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін ендіру жалғасуда. Ауысу 2025 – 2026 жылдары 2 кезеңде жүзеге асырылатын болады. Айлықақыны көтеру орташа 48 %-ды құрайды.
